

Ә.Е. ЖҰМАБАЕВА, Г.И. УАЙСОВА, Г.Т. СӘДУАҚАС

Қазақ тілі

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

2

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Каз-922
Ж 81

*Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 21 шілдедегі №463 бұйрығымен бекітілген бастауыш
білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің
Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

Жұмабаева Ө.Е. т.б.
Ж 81 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді/Ө.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас. – Алматы: Атамұра, 2017.

ISBN 978-601-306-697-4

2-бөлім. – 2017. – 128 бет.

ISBN 978-601-306-699-8

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Каз-922

ISBN 978-601-306-699-8 (2-бөлім)
ISBN 978-601-306-697-4

© Жұмабаева Ө.Е., Уайсова Г.И.,
Сәдуақас Г.Т., 2017
© «Атамұра», 2017

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– Мерей



– Әли



– жаңа сабақ



– айт



– оқы



– күрделі тапсырма



– жаз



– жұппен жұмыс



– жаңа ақпарат



– есіңе сақта



– ізден



* – түсінік берілетін сөздер



– топтық жұмыс



– тыңда



– дереккөзден ізде



– ойлан



– орфографиялық сөздік

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



- Сөз мағынасымен жұмыс істеуді;
- антоним, синоним, омоним сөздерді айыра білуді және оларды сөйлеуде қолдануды;
- түбір мен қосымшаны, жұрнақ пен жалғауды ажыратуды *үйренемін.*



Теледидардан спорт хабарларын тамашалаймын

Сөз және оның мағынасы

65

1. Мәтінді түсініп оқы.

Болашақ футболшы

Жақып футбол ойыны дегенде ішкен асын жерге қоятын жанкүйердің* өзі.

Бүгін ол баласымен стадионға келді. Халық көп екен. Кешікпей ойын басталып та кетті.

– Анау көк майкалылар – біздің «Қайрат» командасы. Ал мынау ақ майкалылар – Ташкенттен келгендер... – деп, Жақып ойынның мәнін ұлына ұғындыра бастады.

– Өне, көрдің бе? Қалай жақсы тебеді. Есжанов! Өзің апар! Өзің! Өзің! Қап, өттеген-ай!

Жақып ұлына қараса, ол да мөз-мейрам болып отыр екен. Қарсыластар қақпасына кірген екі допты өзі соққандай қуанышты көңіл күйде.

Көп ұзамай ойын аяқталды. Болашақ футболшы әкесі екеуі үйіне қайтты.

Бәкір Тәжібаевтан

• Түсінбеген сөздеріңді белгілеп, олардың мағыналарын түсіндірме сөздіктен біліп ал.

• Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарды жалғастырып көр:

1. Жақып қай спорт ойынының жанкүйері?

2. Ол баласымен қайда барды?

3. ...?

4. ...?

• Мына сөздер кестедегі қай топқа тиісті екенін тап және оларды кестеге орналастыр.

Жақып, ойын, стадион, көк, халық, ақ, келді, тебеді, екі, доп, аяқталды, футболшы, қайтты.

Заттың аты кім? не?	Заттың сыны қандай?	Заттың саны қанша? неше?	Қимылдық атау не істеді? қайтті?





Сөз – заттың, сапаның, қимылдың, санның атауы. Мысалы: ай, ұй, ақын; тұнық, әдемі; оқы, түсін; алты.

2. Суретке қара.



• Суретте қандай ойын түрі бейнеленген?



• **Футбол** сөзі нені білдіреді? Бұл сөздің төмендегі түсіндірмесін оқып көр.



Сөздің лексикалық мағынасы болады.

Футбол сөзінің білдіретін лексикалық мағынасы – допты аяқпен теуіп жүріп, қарсы жақтың қақпасына кіргізуді мақсат еткен спорт ойыны.

3. Сурет бойынша әңгіме құра.



- Суреттегі балалардың көңіл күйінің өзгергенін неден байқауға болады?
- Сөз, ым, қимылдың көмегімен қуанған балалардың көңіл күйін беруге тырыс.

4. Жатқа жаз.

Далбаңдап кеп доп тепті,
Терезеге дөп тепті.

- Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір. Сөз мағынасы қай дыбыстың әсерінен өзгергенін айт.

5. Оқулықтың соңында түсіндірме сөздік берілген. Неліктен ол осылай аталған деп ойлайсың?

- Түсіндірме сөздіктен денсаулық* сөзінің мағынасын біліп ал.



6. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.



1. ... – қыстың бірінші айы. 2. Шайбалы ... – қысқы ойындардың бір түрі. 3. ... – футбол ойнайтын спортшы. 4. ... – конькимен сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған алаң.



66

Антоним дегеніміз не?



7. Өлеңді оқы.

Тапсам деймін уақыт

Ерте тұрып алам да,
 Өрлі-берлі жүгірем.
 Сосын тұра қалам да,
 Оңға, солға бүгілем.

Суды да өзім әкелем,
 Отынды да жарамын.
 Бөпеме нан әперем,
 Малға да шөп саламын.

Қолға алмасаң ұнатып,
 Жұмыс оңай өнбек* пе?
 Тапсам деймін уақыт
 Спортқа да, еңбекке.

бүгілі

Рамазан Тышқанбаев



- Өлең не туралы екенін айт.
- Өлеңнің алғашқы шумағын қимылмен көрсет.
- Өлеңдегі *оң*, *сол* сөздерін айтылуы мен білдіретін мағынасы бойынша салыстыр. Бұл сөздердің мағынасы бір-біріне жақын ба, әлде қарама-қарсы ма?



8. Мақал-мәтелдерді көшіріп жаз.



1. Көп біл, аз сөйле.
2. Ашу – дұшпан,
 Ақыл – дос,
 Ақылыңа ақыл қос.

- Мақалдардың мағынасын түсіндір.
- Мақалдардан мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап.



Тілімізде мағынасы қарама-қарсы сөздер кездеседі: *ақ – қара, арзан – қымбат.*

Мұндай сөздерді **антоним сөздер** деп атайды.



9. Антоним сөздерді бір-бірімен сәйкестендір.

ащы
қалың
ұзын
бүгін
терең

кеше
қысқа
тұщы
таяз
жұқа

бүгін

10. Өлеңді оқып, антоним сөздерді тап.

Күндіз де көреді,
Түнде де көреді.
Жәнібек киноға
Жанын да береді.

Ал енді қараңыз:
Азыпты балаң жүз,
Әйнексіз көрмейді
Әлжуаз баламыз.

• Өз ойыңды бөліс:

1. Қалай ойлайсың, баланың көзі неліктен нашар көретін болды?
2. Теледидардан күндіз-түні кино көре беру дұрыс па?

11. Бос торкөздерге олардың тұсындағы сөздің мағынасына қарама-қарсы сөздер тауып жаз.

ескі
жақсы
жарық



Синоним дегеніміз не?

67

12. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз. Қарамен берілген сөздердің астын сыз.

Бір бала бар – **инабатты, ибалы,**
Кішіпейіл, достарына сыйлы әрі.
Бір бала бар – **ықыласты, ынталы,**
Мінезінде жоқ жағымсыз бұлтаңы*.

Мақсұт Неталиев

• Қарамен берілген сөздер тобын айтылуы және білдіретін мағынасы бойынша салыстыр. Бұл сөздер тобының мағынасы бір-біріне жуық екенін дәлелде.



Тілімізде білдіретін мағынасы бір-біріне жақын, бірақ дыбысталуы әр басқа сөздер кездеседі: *әдемі, көрікті; алыс, шалғай.*

Мұндай сөздерді **синоним сөздер** деп атайды.

13. Тақырыбы бойынша өлеңнің мазмұнын болжа.

Рақат қой салқын су

Мәңгі емес мұз, қары
Тау қойнында туғам мен.
Суық қой деп ызғары,
Қорықпаймын судан мен.

Су пайдалы адамға,
Шынығамын күнде мен.
Тоңбайды аяз-боранда
Салқын суға үйренген.

Мұзафар Әлімбаев

• Өлеңнің тақырыбы бойынша айтқан ойларыңды өлең мазмұнымен салыстыр.

- Қарамен берілген сөздің синонимін тауып көр.

14. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөздің синонимін тап.



15. Синоним сөздерді тауып, оларды жұптап жаз.

Әдемі, қашық, сұлу, ер, биік, батыр, зәулім, шалғай, аяз, қорқақ, суық, үркек.

16. Өлеңді оқып, ондағы қимылдарды жаса.

Гимнастика

Бір! Екі! Үш! – деп
Қолды серме.
Дем тарт ішке,
Кеуде кер де...
Төрт! Бес! Алты! –
Керілеміз.

Спорт салты –
Ерінбейміз.
Жеті! Сегіз! –
Шынығамыз.
Жетілеміз,
Тынығамыз!

Әдібай Табылды

• Өзің ертеңгілікте жасайтын жаттығулар туралы сыныптасыңмен ойыңды бөліс.

• Әли мен Мерей синоним деп есептейтін сөздерді оқы. Олар синоним сөздерді дұрыс таңдады ма?



68

Омоним дегеніміз не?

17. Мәтінді түсініп оқы.

Әділеттің әкесі Әділ күн сайын ерте тұрып, денесін шынықтырады.

– Әділет, кел, бірге шынығайық, – деді Әділ баласын шақырып.

– Мақұл, әке! – деп, Әділет әкесіне ілесе жүгіріп, жаттығу жасады.

– Шынықсаң, шымыр боласың! – деді әкесі.

– Әке! Сіз қандай күштісіз?! – деп, Әділеттің қарақаттай көзі жайнап кетті. Жүзі нұрланып қуанып тұр.

«Балдырган» журналынан



- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой және жауап бер.
- Мәтінге ат қой.



18. Жүз сөзінің әр мағынасына сөйлем құрап жаз.

1. Жүз саны.

2. Адамның жүзі.



Дыбысталуды бірдей, білдіретін мағыналары әр басқа сөздер **омоним сөздер** деп аталады. Мысалы: *алма* – жеміс, *алма* – қимыл атауы: сен оны алма.



19. Сөздердің мағынасын түсіндір, олардың әрқайсысына екі түрлі мағынаны білдіретіндей сөйлемдер құра.

Түс, өкпе, ат, бас.

20. Көшіріп жазып, қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндір.

Досың болса ер,
Соңынан қалма, ер.

Тұрысбек Еділбаев

21. Ойлан, тап.

Мұзайдында жеті бала
Асыр сап жүр сырғанап.
Сырғанамай екі бала,
Жағалауда тұр қарап.
Енді осы бар баланың,
Санын айтсаң, жарадың.

Сұлтан Қалиұлы



69 22. Мәтінді тыңда.

Аяқталмаған ойын

Ауылдың шеті. Қарлы төбешікке су құйылып, сырғанақ жасалған.

Бірнеше бала сырғанақ теуіп жүр. Ағайынды Ақан мен Асан екеуі бір шанаға отырып, төбеден төмен зымырайды. Шананың алдына Асан отыратын. Ол абайсызда шанадан айырылып қалды. Бос шана алысқа барып бір-ақ тоқтады.

- Ақан, сен барып шананы алып кел, – деді Асан.
- Мен бармаймын. Шанаға ие бола алмаған өзің, сен бар, – деді Ақан.
- Жоқ, сен барасың. Сен менен кішісің, – деді Асан.
- Бармаймын. Үлкенмін деп, жұмсай бересің.

Сөзі өтпеген Асан ашуланып, төменге түсті. Шананы сүйреткен бойы үйіне қарай бет алды. Ақан не істерін білмей, төбе басында таңырқап тұр.

Тіл табыса алмаған Ақан мен Асанның ойыны осылай аяқталмай қалды.

Мәдіхат Төрежанов

- Мәтін не туралы?
- Бұл мәтін саған қандай әсер қалдырды?
- Сен олардың орнында болсаң, не істер едің?
- Қарамен берілген сөздердің антонимін тап.

23. Көшіріп жазып, қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндір.

Түріп жең,
Күресте жең.

Талып қар*,
Күре қар.

24. Суретке қарап, суретшінің қатесін тауып көр.



25. Өлеңді көшіріп жаз.

Шақырады Шымбұлақ* –
Аппақ-аппақ шың, құзы!
Қуанбайтын кім бірақ,
Жарқыраса жұлдызы!

Темірше Сарыбайұлы

- Шымбұлақ туралы не білесің?
- Энциклопедиядан Шымбұлақ туралы біліп ал.

26. Суреттегі зат атауларын екі мағынада қолданып, сөйлем құра.



27. Тақырыбына қарап, өлең не туралы екенін болжа.

70

Боксшы

Шаршы рингте* шалт қимыл,
Қолдары бар гүрзідей*.
Қарсыласын аямас,
Ауыр соққы бір зілдей.

Көтерілді көк байрақ,
Танып елді жер-жаһан.
Шықты рингке серт байлап
Бекзат пенен Ермахан.

Өсті-ау менің көңілім,
Жеңген сәтте ағалар.
Өркен-өріс өмірін
Барлық ұрпақ бағалар.

Бақытжан Тобаяқ



- Өлең кімдер туралы? Өлеңдегі кейіпкерлер туралы не білесің?
- Теледидардан боксшылар туралы хабарларды көресің бе?
- Еліміздің боксшылары туралы дереккөздерден ақпарат тап.
- Өлеңдегі жазылуы қиын сөздерді тап. Олардың жазылуын есте сақта.



28. Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ермахан – (мықты, күшті) боксшы. Айжан – (сұлу, әдемі) қыз. (Ескі, көне) кітаптарды жыртуға болмайды.



29. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Кімнің ұшқыр ойы?
Сайысатын кімдер, айт,
Үш раунд бойы?



30. Тірек сөздерді пайдаланып, «Жеңіс» тақырыбына мәтін құрап жаз.

Қазақстан, боксшылар, Серік Сапиев, Бекзат Саттарханов, жеңу, Ту.



31. Сурет бойынша әңгіме құра.



Спорт жарысына қатысамын



71

Сөз құрамы
Түбір мен қосымша

32. Кестедегі сөздерді оқы.

Сөздер	Түбір	Қосымша
шаңғышы	шаңғы	-шы
апталық	апта	-лық
күні	күн	-і
палуандар	палуан	-дар

- Кестеге қарап, түбір мен қосымшаның өзгешелігін тауып көр.
- Түбір сөздерде мағына бар ма? Қосымшада ше? Содан өзің қорытынды жасап көр.
- Өз қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.

Сөздің одан әрі бөлінбейтін мағыналы бөлігін **түбір** немесе **түбір сөз** дейді: *күн, жыл, спорт, палуан.*

Сөздің түбірге жалғанған бөлігін **қосымша** дейді: *күні, жылдар, спортшы, палуандар.*

Түбірдің белгісі – ◌: *күйші.*

33. Тақырыбы бойынша мәтіннің не туралы екенін болжа. Мәтінді тыңда.

Шаңғы жарысында

Ертең **жарыс** болады деген **күні** аспанды бұлт торлап, түні бойы қар жауды. Келесі күні бұлт ыдырап, **күн** жарқырап ашылып кетті.

Жарысқа қатысатындарды сапқа тұрғызған мұғалім:

– Бүгінгі жарыста сендерден жаңа рекорд күтеміз, – деді.

...Жарыс басталды. Тәуке бірден алға түсті.

Бірақ орта жолда Ержан Тәукені қуып жетіп қалды. Тәуке артына қарағанда, ол күлімсіреп қойды. «Несіне мәз болады екен!» – деді бұл ызалана. Ол алға ентелеп, таяқты ышқына сілтейді.

Бірақ Ержан сонда да қалысатын емес. Ол Тәукенің қасынан зу етіп өте шықты. Ол алдағы тау жотасының ортан беліне жетті. Әрі қарай тырмысып өрлей бастады.

Бұл кезде Тәуке де тау жотасына іліккен еді. Бірақ өзінің өлсіреп қалғанын енді айқын сезді. Көз алдына: «Рекорд! Рекорд!» – деп шулаған балалар елестейді...

Құрманбай Толыбаевтан



- Мәтінде не туралы айтылған?
- Мәтінді өзің әрі қарай жалғастыр.
- Тәукенің бұдан кейінгі әрекеті қандай болады деп ойлайсың?
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді түбір мен қосымшаға ажырат.



34. Өлеңді көшіріп жаз.

Зуылдайды зырқырап,
Маңдайдан тер бұрқырап.
Шаңғым асар шаршамай,
Бір қыраттан бір қырат.



- Өлеңдегі қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.



35. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзге әңгіме құра.



36. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Кімнің ұшқыр ойы?
Сайысатын кімдер, айт,
Мұзда үш кезең бойы?

- Жұмбақтың шешуіндегі сөзді сөз құрамына талда.

37. Хабарландыруды оқы.

Хабарландыру

Құрметті оқушылар!

Ертең 14 ақпан күні сағат 15.00-де мектептің акт залында қойыршақ театрының қойылымы болады.

Кіру тегін.

Мектеп әкімшілігі

- Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Хабарландыру кімге арналған?
- 2) Хабарландыруда не туралы жазылған?
- 3) Қойылымның уақыты, орны нақты көрсетілген бе?
- 4) Хабарландыруды жазған кім?



38. Өлеңді түсініп оқы.

72

Пайдалы

Жаяу жүрген пайдалы,
Жүзің жарқын, жайдары.
Жуымайды ешқандай
Ауру-сырқау қайдағы.

Жаяу жүрген пайдалы,
Жүзің жарқын, жайдары.
Аралауға шақырар
Туған өлке аймағы.

Есентай Ерботин

- Өлең неліктен «Пайдалы» деп аталатынын дәлелде.
- Өлеңнің мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып көр.
- Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.



39. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Мектеп... шахмат үйірме... бар. Біз сол үйірме... қатысамыз. Біз шахматтан болған жарыс... бірінші орын алдық.



40. Бұлттардағы буындар мен сөздерден жұмбақ құрап жаз. Шешуін тап.



Ай дын су да жал
 тыр құ лаш тап жү зіп
 мал тыр

□ □ □ □ □ □



41. Мәтінді түсініп оқы.

Балалар суға түсуге келді.

– О, көлге түсеміз! – деді Самат.

– Жоқ, бұл көл емес, көлшік! – деді Марат.



• Қалай ойлайсың, олар *көл* және *көлшік* сөздері үшін неліктен айтысты?



42. Қайсысы түбір, қайсысы қосымша екенін дәлелде.

тау, теңіз, су,
үлкен, жуан

-дық, -тік, -шы, -лар,
-дер, -дай, -дей



73 43. Мәтінді түсініп оқы.

Менің інім компьютерге әуестеніп алды. Достарымен футбол ойнауды қойды. Мен інім үшін қатты алаңдадым. Өйткені компьютерде үнемі ойнау зиянды. Інімді далада ойнатудың бір амалын таптым. Екеуіміз далаға шығып,

спортпен айналысамыз. Енді ол компьютерге емес, даладағы ойындарға қызыға бастады. Қазір біз ауладағы балаларды жинап, футбол командасын құрдық. Інім сол команданың капитаны болып сайланды.

«Балдырған» журналынан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтінге ат қой.
- «Компьютердің пайдасы мен зияны» тақырыбында топта талқылауға қатыс.

44. Суреттегі зат атауларына қосымша қосып, екінші бағандағы сөздермен байланыстырып жаз.



мін



шомыл



секір



ойна

45. Ойлан, тап.

Жүгіру жарысынан Әсет, Марат, Талғат үш орынды алды. Марат екінші орын алмаса, ал Талғат үшінші орын алмаса, кім қандай орын алды?





Әсет



Марат



Талғат

46. Жаңылтпашты көшіріп жаз.

Дойбышыны дойбышы ұтты,
 Ұтқан ұтып,
 Ұтылған ұтылып,
 Ойын бітті!

«Балдырған» журналынан

- Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.



74

47. Өлеңді көшіріп жаз.

Су сергітер денеңді,
 Онымен дос болғайсың.
 Судан кейін сен енді
 Ісіңді оңай жалғайсың.

Ермек Өтетілеуұлы

- Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.

48. Өлеңді жаттап ал.

Зырайды доп –
 Бір орнында тұрмайды.

Қарсыластың қақпасына таяса,
Жүрегіміз тулайды.
Зырлайды доп, зырлайды!
Қалт жіберме,
Сен қақпаны дәл көзде –
Қуанамыз сол кезде.

Тұманбай Молдағалиев

- Өлең саған ұнай ма?
- Өзің ұнататын команда жеңіске жеткенде қандай көңіл күйде боласың?
- Сыныптастарыңа футбол ойыны туралы хабар жүргізіп көр.



49. Өлеңді оқып, ондағы қимылды жасап көрсетіңдер.

Қақпаға туралап
Теп допты, оң аяқ!
Қақпаға туралап
Теп допты, сол аяқ!
Оң аяқ!
Сол аяқ!
Жаттығу оңай-ақ!

50. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, мақалдарды көшіріп жаз.

1. Таза... – саулық негізі.
2. Дені сау адам – дәулет... адам.



51. Ұйқасын тап.



Атпен шап!

Допты соқ!



Сумен бетіңді ...

Болсын денің ...





75

52. Сурет бойынша әңгіме құра.



- Қандай қысқы ойын түрлерін білесің? Саған қайсысы ұнайды?
- Қысқы ойын түрлері бойынша жүлдегер атанған қандай қазақстандық ойыншыларды білесің?
- Мәнерлеп сырғанау спорты туралы не білесің?



53. Тақырыбы бойынша өлең мазмұнын болжап айт.

Шынықсаң, шымыр боларсың

Бойды сергек, тік ұста,
Емін-еркін тыныста.
Деміңді ішке тез ал да,
Оң қолыңды соз алға!
Қол ұшына қара да,
Үшбұрыш сыз ауада.
Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап, тынбасын!
Деміңді ішке тез ал да,
Соз қолыңды, соз алға!

К. Байзақов

- Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.

54. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, өлеңді көшіріп жаз.

Қақпа жаққа
Соқ та шайба,
Қуан, ...!
Мұздан ...!
Әділ ...!
Соқ, соқ ...!

Әдібай Табылды

Керекті сөздер: тайма, шайба, ойна, жайна.

- Өлеңді спорт хабарын жүргізуші рөлінде оқып көр.

55. Торкөздердің ішіндегі әріптерден сөз құрастыр да, келесі торкөзге орналастыр.

Ш	ң	ғ	а	ы	→				
а	қ	й	қ	ы	→				
ө	г	й	б	е	→				
ж	ы	с	р	а	→				

56. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Ескекті Есен, Естен еседі,
Ескекшілер Есен, Естен ескекті еседі.

- Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.



76

57. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.

Сырғанап ойнау – өте пайдалы. Жиі сырғанап жаттыққан жөн. Ондай бала көп ауырмайды.

- Түбір сөздерді тап.

58. «Сырғанақта» тақырыбына мәтін құра.



59. Өлеңді оқып, шешуін тап.

Екі жағым «Н» болса –
Қасиетті тамағыңмын.
Екі жағым «А» болса –
Ең қадірлі адамыңмын.

Мұбәрак Жаманбалинов



60. Өлеңнің қатесін тауып, көшіріп жаз.

Жазда суда тебеміз,
Құмда күнге денеміз.
Жалаңаяқ жүземіз,
Қыста қызып күйеміз,
Коньки, шаңғы жүреміз.
Жалқаулықты тастаймыз,
Жаттығуды бастаймыз.

Ермек Өтетілеуұлы



61. Берілген өріптер қатарында жасырынған сөздерді тауып оқы.

ШАБАСКЕТБОЛҚФ
ТРЕБАССЕЙНЗФК
БОКСШЫПАНСКТЕ
ҢЮШАКЖҮЗГШГ

- Тапқан сөздерің туралы не білесің?



77

Спорт жарыстары туралы жазамын Жұрнақ пен жалғау

62. Сурет бойынша мәтін құра.



- Суреттегі спорт түрлерін ұнатасың ба?

63. Мектепте ұзындыққа секіру мен жүгіруден жарыс өткізілмекші. Жарысқа 2–4-сынып оқушылары қатысады. Сыныптарыңда секіру және жүгірумен шұғылданатын балалар бар ма? Олар осы жарысқа қатыса ала ма? Сол туралы өз ойыңды білдір.

64. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Қимыл жаса тұра қап,
Жалқаулықты жуытпа.
Көлеңкеңді қуалап
Жүгіруді ұмытпа.

Сергек жүрсең сен енді,
Жоламайды суық бір.
Суық сумен денеңді
Ертең ерте шынықтыр.

Тұманбай Молдағалиев

- Өлең не туралы?

- *Жалқаулықты* сөзін *жалқау*, *жалқаулық* сөздерімен салыстыр.

Содан өзің қорытынды жасап көр.



Қосымша **жұрнақ**, **жалғау** болып екіге бөлінеді. Сөз мағынасын өзгертетін қосымшаны **жұрнақ** дейді. Жұрнақтың белгісі – \wedge .

Мысалы: *футболшы*, *оқулық*.

Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны **жалғау** дейді. Жалғаудың белгісі – \square .

Мысалы: *футбол* \square *ды*, *оқу* \square *ға*.

65. Мақалды жатқа жаз.

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

- Жұрнақ жалғанған сөзді тап.

66. Берілген сызбаны пайдаланып, боксшы туралы сипаттау мәтінін құрап айт.

дене бітімі



қасиеті

түріндегі ерекше
белгі



78

67. Мәтінді түсініп оқы.



Қажымұқан Мұңайтпасов – әлемдік аренаға шыққан қазақтың тұңғыш палуаны, дүниежүзінің бірнеше дүркін жүлдегері.

Қажымұқан он төрт жасында саудагер байға жалшы болады. Қыс мезгілі. Бірде бай оны ат-шанамен шөп алып кел деп жұмсайды. Қайтар жолда қар қалың болып, ат шананы тарта алмай зорығып өледі. Қажымұқан шананы атымен бірге өзі сүйреп алып келеді.

«Қазақтың бес алыбы» кітабынан

- Палуан қандай болуы керек?
- Қандай палуандарды білесің?
- Қажымұқан туралы басқа да ақпараттарды энциклопедиядан біліп ал.
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздерден жұрнақ пен жалғауды ажырат.





68. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қажымұқан – қазақтың тұңғыш палуаны. Ол – дүние-жүзінің бірнеше дүркін жүлдегері.

- Сөйлемдегі қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талда.



69. Өлеңді көшіріп жаз.

Палуан-ау, палуан,
Әдіскерсің* алуан.
 Жекпе-жекке шығасың,
 Қайсың бұрын жығасың?

Тұрысбек Еділбаев




- Қарамен берілген сөзді сөз құрамына талда.
- *Палуан* сөзіне бірнеше жалғау жалғап айт.

Үлгі: палуандар, ...



70. Берілген әріптерден торкөзге азықтық дақылдар мен төттілердің атауын құрап, оқы. Артық әріптерді келесі жаққа орналастырып, қандай сөз шыққанын айт.

ӨПРКІ
 ААМАЛ
 ҚИРЯЛ
 НТУҚА
 АРАПА
 НАЫТР



71. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Ойынды бұзсаң, күш қылып,
 Тоқтатады ысқырып.



79

72. Өлеңді түсініп оқы.

Біздер шымыр, жүйрік те
Допты торға тоғыттық.
 Еп қана емес, бірлік те
 Керек екен – соны ұқтық.

«Балдырған» журналынан

• Қарамен берілген сөздердегі қосымшаның жұрнақ немесе жалғау екенін ажырат.

73. Берілген сөздерден үш сөйлем құрап жаз.

Спорттық, жарыстарда, болады, төреші. Тәртіпті, ол, қадағалайды. Әділ, болуы, төреші, тиіс.


74. Өлеңді оқып, ондағы қимылдарды жасап көрсет.

Тік ұста бойыңды,
 Жоғары соз қолыңды.
 Соз қолыңды тағы да
 Жеткіз керік жалына.

Отырайық жүрелеп,
 Гүлді үзіп алайық.
 Орнымыздан түрегеп,
 Басқа гүлге барайық.

Мұзафар Әлімбаев

75. Өр торға тиісті сөздері бар допты енгізіп, екі топқа бөліп жаз.





76. Спорт жарысы туралы жазылған хабарламада қай сөз көп қайталанады? Оны керекті сөздермен алмастырып, қайта оқып көр.

Оқушылар арасында спорт түрлерінен жарыс болды. Біздің сыныптан Арнұр, Салтанаттар болды. Олар секіру, жүгіруден бірінші болды. Жарыс көңілді болды.

Керекті сөздер: қатысты, өтті, ұйымдастырылды, болды.



80

Сиқырлы дәрі жасаймын

Жұрнақ пен жалғау



77. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айт.



Әсет пен Нәркес «Денсаулық» еліне бармақшы болды. Жолда оларға Жұмбақшал кездесіп, жөн сілтеді. Ол балаларға жер, күн, ауа туралы жұмбақ-сауалдар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. Оларға риза болған Жұмбақшал: «...», – деп, көзден ғайып болады.

Ж. Әкімбаева



- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.



- Жер, күн, ауаның адам денсаулығына әсері туралы топта талқыла.



78. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

«Басты байлық – денсаулық», –
Бабаң айтқан даналық.
 Сақта **жолын** сен тауып,
 Осы **шақтан** балалық.

денсаулық

Ермек Өтетілеуұлы

• Қарамен берілген сөздердегі жұрнақ пен жалғауды тиісті белгілермен белгіле.

Үлгі: оқулық, оқуға

79. Тірек сөздерді пайдаланып, «Күн тәртібі» тақырыбына әңгіме құра.

Күн тәртібі, уақыт бөлу, ерте тұру, демалу, тамақ ішу, сабаққа дайындалу, ойнау, кітап оқу.

80. Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өзгертіп жаз.

Іс, орын, талап, көл, қобыз.

Керекті жұрнақтар: -шік, -шы, -кер, -дық, -ты.

81. Суретте ренжіген балалардың қайсысын қалай жұбатар едің?



81

82. Тақырыбына қарап нұсқаулық мазмұнын болжа және түсініп оқы.

Денің сау болсын десең

1. Үйге таза ауа көп кірсін. Күннің сәулесі (шуағы) түсіп тұрсын. Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа.

2. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегінді, арқанды күнде салқын сумен жуып тұр.

3. Жылы мезгілде суға көбірек шомыл.

4. Өзіңді, тамағыңды таза ұста. Ішкен-жеген сайын, ертеңді-кеш аузыңды тазалап шай. Аузыңды таза ұстасаң, тіс ауруларының көбінен құтыласың.

5. Таза ауада (сыртта) көбірек қимылда.

6. Өте жылы киінбе, басыңа жеңілдеу нәрсе ки.

7. Денеңді тар киіммен, белбеумен, түрлі баумен байлап, қыспа.

8. Аяқкиіміңнің өкшесі жалпақ, аласа болсын. Биік өкше өте зиянды.

9. Киімің, әсіресе шұлығың суланса, тез арада шешіп тастап, құрғақ киім ки.

Халел Досмұхамедовтен



- Автордың айтқысы келген негізгі ойын тап.



- Өзің осы айтылғандарды орындап жүрсің бе?



- Нұсқаулықтың бірінші бөлігін көшіріп жазып, заттың атын білдіретін сөздерді сөз құрамына талда.



- 4-бөлікті басшылыққа алып, «Таза ұста» тақырыбында нұсқаулық құрастырып көр.



83. «Денеңнің сау болуы өзіңе байланысты» тақырыбындағы пікірталасқа қатыс. Ол үшін төмендегі талаптарды басшылыққа ал:

1. Өз пікіріңе нақты дәлел келтір.
 2. Дәлелің сенімді болсын.
 3. Өз пікіріңнің дұрыстығына басқаларды сендіре біл.
84. Өлеңді көшіріп жаз.

**Жан дүнием ізгіліктен жаралған,
Жүрегімнен күн шуағы таралған.
Адамдарды ардақ тұтып, аялап,
Тек жақсылық жасай беру – бар арман.**

Абдырахман Асылбек

- Қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талда.

85. Берілген сөздерге жұрнақ пен жалғауды қатарынан жалғап айт.

Таза, біл, дейбі, жаңа.

- Сөздерге жұрнақ пен жалғаудың қайсысын бұрын жалғадың? Өзің осыдан қорытынды жасап көр. Жасаған қорытындыңды төмендегі ережемен салыстыр.

Түбір сөзге жұрнақ та, жалғау да жалғана береді. Жұрнақ бұрын, жалғау жұрнақтан соң жалғанады:

<i>хоккей+ші+ге</i>	<i>жүз+гіш+тер</i>
<i>хоккей+ші+нің</i>	<i>оқу+лық+та</i>
<i>хоккей+ші+мен</i>	<i>ұш+қыш+пен</i>





86. Мақалды жатқа жаз.

82

Тазалық – денсаулық негізі,
Денсаулық – байлық негізі.

- Мақалдың мағынасын қалай түсінесің?



87. Ойлан, тап.

Сәуленің інісі ауырып қалды. Қанша дәрі ішсе де, ем болмады.

Сәуле інісіне қатты жаны ашыды. Сиқырлы дәрі тапсам ғой деп армандады. Дереккөздерден ақпараттар іздеді. Сөйтіп інісіне шипа болатын ем тапты. Ол қандай ем деп ойлайсың?



- Жәтел басылмай қойған кезде дәріден басқа тағы қандай ем қолдануға болатынын топта талқылауға қатыс.



88. Өлеңді көшіріп жаз.

Ерлігімді мұқалтпай,
Елдігімді жұқартпай,
Еңсемді еркін ұстауды
Қалай ойланбаспын мен!

Әбділда Тәжібаев

- Өлеңдегі қосымшаның екі түрі қатар келген сөздерді тауып, жұрнақ пен жалғауды тиісті белгімен белгіле.



89. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Отыз екі мықты
Қаз-қатар боп шықты.
Он алтысы асты,
Он алтысы үсті.

Ескен Елубай

- Тістің күтімі туралы өз ойыңды айт.





90. Коньки теуіп жүріп, байқамай бір қызды қағып кеттің. Ол құлап қалды. Осындай жағдайда сен не істер едің?

КОНЬКИ



- «Кешір», – дейсің де, кете бересің.
- Қыздың тұруына көмектесесің, оның өзін қалай сезінетінін сұрайсың және кешірім өтінесің.
- «Мен әдейі істеген жоқпын», – деп, әрі қарай кете бересің.



83–84

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Жаңылтпашты оқып, жатқа жаз.

Алма бар,
Алма барда
Алмұрт алар ма?!
Алмұрт алма,
Алма ал.

• Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір. *Алма* сөзінің омоним екенін дәлелде.

2. Бос торкөздерге тұсындағы сөздердің антонимін тауып жаз.

тар

жаңа

жақсы

жуан

жарық

3. Өлеңді түсініп оқы.

Орманшы қызы қасымда қатар келеді.

– Қайыңның сөлін басқаша қалай дер еді?




– Қайыңның сөлі, басқаша айтсақ, шырын ғой,

Шырын да, сөл де – екеуі теңдес* ұғым ғой.

Мұзафар Әлімбаев

• Өлеңнен *сөл* сөзіне мағынасы жуық сөздерді теріп жаз. Бұл сөздердің синоним екенін дәлелде.

4. Кестені дұрыс толтыр.

			
құрылыс
...	–	тар	кітаптар
көл	...	тер	...
дос	ТЫҚ
жаз	...	–	...

5. Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа.

Уәде – қасиетті серт

Келесі күні тағы да теңізге бардым. Ондағы балықшылармен жақынырақ таныстым. Озат звено жетекшісі Жақсыбайдың ісіне разы болдым.

– Үйден дәм тат, – деді Жақсыбай қарт.

Осы арада тұйыққа тіреліп қалдым. Жақанның үйіне баруым керек еді.

– Айып етпеңіз, осындағы бір інім шақырған соң, соған уәде беріп қойып едім.

Жақсыбай қарт ренжіген жоқ.

– Дұрыс, қарағым, уәде – қасиетті серт. Сөзін жұтқан адамда не қадір болады. Жолың болсын!

Қайрат Жұмағалиев

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қой және жауап бер.
- Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазып, түбірі мен қосымшасын ажырат.
- Түбір сөзден кейін қосымшаның қай түрі жалғанғанын айт.
- Жұрнақ пен жалғауды тиісті белгілерімен белгіле.

6. Суреттер мен тірек сөздерді қолданып, «Денім сау болсын десең...» тақырыбына әңгіме құрастырып айт.



спорт



таза ауа



дәрумендер



күн тәртібі



ұялы телефон



жақсы көңіл күй

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ



- Ата, қайда барасың?
- «Зат есім» деген ауылға...

сөз табы
зат есім
Таушан
раушан
кілдер?
нелер?

- Салт-дәстүрге не жататынын;
- ауыз әдебиеті үлгілерін;
- заттың атын білдіретін сөздер туралы білгенімді *еске түсіремін.*
- Зат есімнің сөз табы екенін;
- зат есімнің жалқы және жалпы, дара және күрделі, жеке және көпше түрлерін *білетін боламын.*
- Жалқы есімнің жазылу емлесін;
- көптік жалғауларын дұрыс қолдануды;
- дара және күрделі зат есімді анықтауды *үйренемін.*



85

Ұлтымыздың салт-дәстүрін білгенің жөн

Сөз таптары

1. Мәтінді түсініп оқы.

– Мирас, ертең біздің үйге көп қонақтар келеді. Шілдехана жасаймыз.

– Шілдехана деген не?

– **Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той.** Тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтаулар айтылады. Қонақтар өн салып, домбыра тартып, өлең айтады. Шілдеханаға шақырумен де, шақырусыз да келе береді. **Бұл той – өмірге адам келгенінің белгісі.**

Рафиқа Нұртазина

- Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қой.
- Мәтінге ат ойлап тап.
- Бұл мәтін әңгіме ме, өлең бе?
- Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді көшіріп жаз.

2. Сөздерді оқы.

Ата, салт-дәстүр, қырық, үйренді, жеті, қызық, шілдехана, бесік, салды, үлкен, немере, жасайды, шақырды, қонақ, өже, кішкентай.

- Сөздерді кестеге орналастыр.

Кім? Не?	Не істеді?	Қандай?	Қанша?
...
...
...

- Кестедегі сөз мағыналарының әр басқа екенін және олардың қалай топтастырылғанын байқап, өзің қорытынды жасап көр.



Сөздер мағынасына қарай бірнеше сөз таптарына бөлінеді. Зат есім, етістік, сын есім, сан есім – сөз таптары.



3. Жас баланы қалай атайтынын тауып жаз.

Сә...и, нем...ре, бө...е, бө...ек, ба...апан.

Үлгі: сәби,



4. **Кім?** сұрағына жауап беретін сөздерді бір бөлек, **не?** сұрағына жауап беретін сөздерді бір бөлек топтап жаз.

Үлгі: **Кім?**

іні

...

Не?

дәптер

...

Ойыншық, нағашы, ата, түлкі, жоғары, келді, қарға, төтті, дәрігер, ұста, ұшты, күріш.



5. Атам – әңгімешіл, әрі көп білетін кісі. Кеше інім екеуімізге: «Қазақ халқында «жеті қазына» деген ұғым бар. Ол – адамдардың күнделікті ұстап жүрген нәрселері. Сендер соны білемісіңдер?» – дегенде, тосылып қалдық.

Сен қалай жауап берер едің?



86

Зат есім



6. Мәтіннің тақырыбына қарап, оның мазмұнын болжа. Сонан соң мәтінді түсініп оқы.

Ат қою

Нартай мен атасы көрші жігіттің үйіне келді. Оларды құрметтеп төрге шығарды. Осыдан кейін үй иесі сәбиді алып келді.

– Сәбиге ат қою – үлкен міндет, – деп, Нартайдың атасы сәбиді ептеп қолына алды. Оның құлағына «Сенің атың – Ержан!» деп үш рет айқайлады. Сонан соң үй иесіне қарай бұрылып:


– Енді Ержаныңды өз қолыңа алып, апарып бесігіне жатқыз, – деді.

Басқа қонақтар «Ержанның өмір жасы ұзақ болсын!» деп тілектерін айтып жатты.

Серік Нұғыман

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қой.
- Мәтіннен кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.



 Заттың атын білдіретін сөздерді **зат есім** деп атайды. Зат есімдерге **кім? кімдер? не? нелер?** деген сұрақтар қойылады.

Мысалы: адам, көгершін; жазушылар, құлындар.

7. Өлеңді көшіріп жаз.

«Қозым», – дейді мені апам,
«Қозым», – дейді мені атам.
Сөздеріне күлемін,
Қозы емеспін, білемін.

Өтепберген Ақыпбеков

- Өлеңнен зат есімдерді тап.
- Өлеңде бала неге күлді деп ойлайсың?
- Қалай ойлайсыңдар, ата-аналарың сендерді еркелеткенде не-ліктен *ботам, құлыным, құлыншағым* деп айтады? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.





8. Оңнан солға қарай оқыса да, солдан оңға қарай оқыса да өзгермейтін сөздерді тап.



Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
К				К
К				К



9. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, өлеңді көшіріп жаз.

Өс-өс, балам, өсе бер,
 ... бол палуан білекті,
 ... бол таймас жүректі,
 ... созайық,
 ... жазайық.

«Ақ сандық, көк сандық» кітабынан

Керекті сөздер: аяғыңды, батыл, батыр, саусағыңды.

- Зат есімдердің астын сыз.



87 10. Өлеңді түсініп оқы.

Шағала көлін қорғайды,
 Шопан төлін қорғайды.
 Егінші жерін қорғайды,
 Батыр елін қорғайды.

Өтебай Тұрманжанов

- Өлең мазмұны бойынша сұрақтар қой және жауап бер.
- Өлеңнен кім? не? сұрағына жауап беретін сөздерді тап.



Адамға қатысты сөздерге кім? кімдер?, заттар мен жануарларға не? нелер? деген сұрақ қойылады.

11. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

Ұл-қызыңа ерген
Немереңбіз, әже.
Немереңнен өрген
Шөбереңбіз, әже.

шөбере

Сұлтан Қалиұлы

12. Ойлан, тап.

Саған кім болады?

Әкеңнің әкесі –
Әкеңнің анасы –
Анаңның әкесі –
Анаңның анасы –
Өзіңнен кіші қыз болса –
Өзіңнен кіші ұл болса –

13. Жаңылмай айт.

Мына балалар,
Неменелеріңіз еді:
Шөберелеріңіз бе?
Шөпшектеріңіз бе?
Неменелеріңіз бе?
Неменелеріңіз еді?

Мұбәрак Жаманбалинов



14. Өлеңді рөлге бөліп оқы.

- Өмірде, ата, кім мықты?
- Айтқан адам шындықты!
- Қасиет неде адамдық?
- Ізет, мейірім, адалдық!
- Өмірде не ең жаман?
- Сақтай алмау елді аман!

Серікбай Оспанұлы

- Зат есімдерді тап, оларға сұрақ қой.



88

15. Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Иесі оның – сәби,
Әрі төсек,
Әрі үй.

- Зат есімдердің астын сыз. Оларға сұрақ қой.



16. Сурет бойынша әңгіме құра.



- Бесікке салу рәсімі туралы үлкендерден сұрап біліп ал.



17. Мәтінді көшіріп жаз.

Бесік – қасиетті мүлік. Жаңа туылған сәбиді бесікке бөлейді. Осы кезде бесік жыры айтылады.

мүлік


- Бірінші сөйлемдегі зат есімдерді тап.

18. Өлеңді жаттап ал.

Әлди, әлди, бөпешім,
 Әлпештейін, көкешім.
 Тербетейін, жата ғой,
 Тәтті ұйқыға бата ғой.

19. Пішіндер арқылы сөзді тауып оқы. Шыққан сөз туралы білетіңді айт.

І С Е Ж Ы Б Қ Р



89

20. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Тұсаукесер жыры

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
 Қадам бассаң, мәз болам.
 Күрмеуінді шешейін,
 Тұсауыңды кесейін.
 Қаз баса ғой, қарағым,
 Құтты болсын қадамың.
 Өмірге аяқ баса бер,
 Асулардан аса бер.





- Өлең неліктен «Тұсаукесер жыры» деп аталған?
- Бұл өлеңді қай кезде айтады?
- Үйде кішкентай бөпелерің бар ма? Оған тұсаукесер жасалды ма?



21. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Тұсау кесу – бала тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Баланың тұсауын ала жіппен кеседі.

- Зат есімдерді тауып, түбір мен қосымшаға ажырат.



22. Өлеңді түсініп оқы.

«Жұмыртқадан» жиырма сөз

Арық, ұра*,
Құм, жыра* –
Қаздық қайла*, тырма алып,
Көне тымақ*, құмыра,
Қамыт* көріп тұр халық.

жұмыртқа

Ермек Өтетілеуұлы



- Зат есімдерді тауып, оларға сұрақ қой.



• Өлеңдегі «жұмыртқа» сөзінен шыққан сөздерді ата. Қалған 11 сөзді тауып көр.



- Түсініксіз сөздердің мағынасын сөздіктен қарап ал.



23. Өлеңді көркем жаз.

Жаны туыс
Көркемдік пен тазалық.
Көне, дұрыс,
Көркем, таза жазалық.



• Қарамен берілген сөздерге сұрақ қойып, қай сөз табы екенін анықта.



- Өлеңнен синоним сөздерді тап.



24. Сурет бойынша әңгімеле.

90



25. Мәтінді түсініп оқы.

- Наурызкөже деген не, ата?
- Наурызкөже деген – жеті түрлі дәм салып жасаған өте дәмді көже.
- Ата, наурызкөжені неге ішеміз? – деді Нартай.
- Наурызкөже ішкен соң көне жыл бітіп, жаңа жыл басталады. Наурызкөже ішкен адам бір жасқа үлкейеді, – деді атасы.

Серік Нұғыман

- Наурыз мерекесінің ерекшелігін топта талқыла.
- «Наурызда күн мен түн теңеледі» деп неліктен айтатынын үлкендерден сұрап біліп ал.

26. Өлеңді көшіріп жаз.

Наурыз құтты болса екен,
Жерге ырыс толса екен!

Құл-Керім Елемес



27. Оңнан солға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздерді теріп жаз.

қолғанат	есек	төс	қысым
ұршық	құлақ	шұлық	нарық
тымақ	керік	кіші	бақа

қолғанат



28. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.

«Т»-дан бастасаң,
Дақылдың бірі.
«С»-дан бастасаң,
Бояудың түрі.



- Тарыдан жасалатын қандай тағам түрлерін білесің?

- Өз отбасы мүшелеріңнің сүйікті тағамын анықта.



- Өзің білетін бір тағамның құрамын жаз.



91

Жалқы есім және жалпы есім



29. Суреттерге қара, олардың астындағы сөздерді оқы.



бота



Бота



жұлдыз



Жұлдыз



- Суреттерге қатысты сөздердің бірі кіші әріппен, бірі бас әріппен жазылған. Оның себебі неде деп ойлайсың? Содан өзің қорытынды жасап көр. Оны төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Кісінің аты-жөні, жер-су аттары, жан-жануарларға қойылған атаулар **жалқы есім** деп аталады. Жалқы есімдер әр уақытта бас әріппен жазылады: *Әсел, Астана, Іле, Құтжол.*



30. Өлеңді түсініп оқы.

Біздер сәлем береміз,
– Сәлеметсіз бе, ағай! – деп.
– Есенсіз бе, әжей! – деп,
– Амансыз ба, атай! – деп.
Ұл-қыз сәлем береміз –
Өнегелі өренбіз.

Ермек Өтетілеуұлы

- Өлеңдегі негізгі ойды анықта.
- Зат есімдерді тап.



31. Өлеңді жатқа жаз.

Бекен, Төкен,
Тете* екен.
Тете үлкені
Бекен екен.

Әдібай Табылды

- Жалқы есімдерді тап.



32. Берілген сөздердің бір әрпін алып тастап, жаңа сөз жаса.

бата – _____	қаша – _____
арба – _____	Ажар – _____
емен – _____	Асан – _____





33. Мұғалім Қазақстанның табиғат ғажайыптары туралы біліп келіндер деп тапсырма берді. Әлия Талдықорған жеріндегі «Өнші құм» туралы, Дәулет Бурабайдағы «Жұмбақтас» туралы әңгіме дайындап келіпті.

Ал сен өз өлкеңдегі табиғат ғажайыптары туралы не айтар едің?



92

34. Өлеңді түсініп оқы.

– Сәлем берген біздерге, қай баталар?
 – Бұл біз ғой, немерелер,
 Үлкенге сәлем береді! –
 Деп шулап, аталардың
 Аламыз баталарын.

Әбубәкір Қайран



- Өлең не туралы?
- *Бата* деген не?
- Батаны кімдер береді?
- Үлкендер қандай бата беруі мүмкін?



35. Берілген баталардың қай кезде айтылатынын тауып, сәйкестендір.

1. Ұлыс оң болсын!
 Ақ мол болсын!

Тілашар

2. Таудай болсын талабың,
 Ашылсын тілің, қарағым.

Тұсау кесу

3. Өмірге аяқ баса бер,
 Асулардан аса бер!

Наурыз

36. Берілген сөздердің ішінен жалқы есімдерді теріп жаз.



- Жаттығудағы жалқы есімдерден басқа сөздердің өзгешелігі туралы өзің қорытынды жаса.



Жалқы есімдерден басқа зат есімдерді **жалпы есімдер** деп атайды. Жалпы есімдер кіші әріппен жазылады: *ауыл, әже, құс, көше.*

37. Мақалды көшіріп жаз.

Батамен ер көгерер,
Жаңбырмен жер көгерер.

- Жалпы есімдерді тап.
- Мақалдың мағынасын түсіндір.

38. Ұйқасын тауып оқы.

Сананың ұйқасы – ...ана.
Дананың ұйқасы – ...ана.
Даланың ұйқасы – ...ала.
Қаланың ұйқасы – ...ала.



93

Ұлттық кейіпкерлерді сипаттаймын

Жалқы есім және жалпы есім

39. Берілген суреттер бойынша Алдаркөсе туралы әңгімелеп көр.



• Алдаркөсе өзінің заттарын ұрыдан қалай қайтарып алды?

40. Берілген сөздерді пайдаланып, Алдаркөсені сипаттап жаз.

кедей

ақылды

тапқыр

қу

41. Сөздердің қатесін түзетіп, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қожанасыр мен алдаркөсе кездесті. Олар ыстықкөлге келді.

• Жалқы есімдердің астын сыз.

42. Сызбаға қарап, жалпы есім мен жалқы есім туралы өзің қорытынды жаса.

Жалпы есім

Жалқы есім

батыр

Қобыланды

Алпамыс

Ер Тарғын

тұлпар

Тайбурыл

Байшұбар

Құлагер

43. Жер-су аттарын қатыстырып, «Менің ауылымда» немесе «Менің қаламда» тақырыбына мәтін құрастырып жаз.



94

Өлең құрастырамын

Зат есімнің жекеше және көпше түрі

44. Суреттерге қара.



бала



балалар



асық



асықтар

• Суреттердің астындағы сөздерді салыстырып, содан өзің қорытынды жасап көр. Жасаған қорытындынды төмендегі ақпаратпен салыстыр.

Зат есімнің жекеше, көпше түрі болады. **Кім? не?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің **жекеше түрі** деп атайды: *әке, ұй, құс*.



Кімдер? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің **көпше түрі** деп атайды: *әкелер, ұйлер, құстар*.



45. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
Екі шоқып, бір қарар,
Деп «жолымды оңғарар».

- Зат есімнің жекеше, көпше түрлерін тап.



46. Дөңгелекке жасырынған құс атауларын тап. Оларды жекеше, көпше түрде жаз.



47. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Жұмыртқалар деген тауықтар,
Жұмыртқаламас деген қауіп бар.

Нұрлан Қалқа

48. Суретшінің қатесін тап.



95

49. Орны ауысқан өлең жолдарын қалпына келтіріп оқы.

Көк көгершін, көгершін,
Жем жесін де семірсін.
Көгершін келер жем үшін
Балалар, жем себелік.

- Көгершін қандай құс?
- Оны неліктен «бейбітшілік құсы» деп атайды?
- Өлеңнен зат есімнің жекеше, көпше түрлерін тап.



50. Мәтінді көшіріп жаз.

Түйе – төрт түліктің бірі. Ол шөлге төзімді. Түйенің сүтінен шұбат жасалады.



51. Шеңбер бойына жасырынған малдардың атауын тап.






• Өзіңе ұнаған малдардың біреуімен өлең құрастырып көр.



52. Көптік жалғауларының тиістісін қойып, сөйлемдерді жаз.

Түйе (-тер, -дер, -лер) боздайды. Сиыр (-лер, -лар, -дар) мөңірейді. Қой (-дар, -лар, -тар) маңырайды. Ит (-тар, -дар, -тер) үреді.

53. Көптік жалғаулары жалғанатын сөздерді тауып айт. Неліктен сол сөзді айтқаныңды дәлелде.



96

54. Тақырыбына қарап өлең мазмұнын болжа. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Өтірік өлең

Ақ тауыққа мініп ап,
Айға кеттім зымырап.
Құйынынан тауықтың
Кетті бұлттар ыдырап.

Ауыз әдебиетінен

- Бұл не себепті өтірік өлең екенін дәлелде.
- Зат есімдерді тауып, жекеше не көпше екенін айт.

55. Өлеңді түсініп оқы.

Ақ көгершін жөнелді,
Зеңгір көкте зырлайды.
«Жер бетінде сұм соғыс
Болмасын», – деп жырлайды.

Мылтықбай Ерімбетов

- Өлеңдегі негізгі ойды анықта.



56. Тірек сөздерді пайдаланып, «Көгершін – бейбітшілік құсы» тақырыбына мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: көгершін, бейбітшілік құсы, хабар әкелген, себебі, ертеде, хат тасушы, алыс елдерден.




57. Жаңылтпашты жатқа айт.

Ақ кептер,
Көк кептер,
Көп кептер.



58. Меңзер бағытымен оқып, шыққан сөйлемді тақырып етіп алып, мәтін құрап көр.



97 59. Мәтінді түсініп оқы.


Үрлеп тартылатын аспаптар ерте заманда пайда болған. Олар хайуанаттар мен құстардың сүйектерінен, мүйіздерінен, ағаштан, сазбалшықтан, темірден жасалған.

Қазақ халқында үрмелі музыка аспаптары көп. Олар: сыбызғы, сазсырнай, үскірік, керней, қамыс сырнай, мүйіз сырнай.



- Мәтінде не туралы айтылған?

60. Суреттегі аспаптардың атын көпше түрде жаз.



61. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Ара, ара, аралар,
Орманның бойын аралар.
Гүлден сорып бал алар,
Бал тәтті ғой, балалар!

• Зат есімнің жекеше, көпше түрін тап.

62. Жұмбақтың жалғасын тап.

Халық қу деп қылған күлкі,
Айласы көп бұл не? ...

63. Сұрақтар бойынша түлкіні сипаттап мәтін құра.

Түлкі қандай аң?
Түсі қандай?
Оның құйрығы қандай болады?
Тұмсығы ше?



Ертегі құрастырамын

Дара және күрделі зат есім



98

64. Кестедегі сөздерді оқы.

Дара зат есім	Күрделі зат есім
би, күйші, адам, өнер, құс, қайық	аққу, бірқазан, үлгі-өнеге, теміржол, шегара

• Кестедегі зат есімдерді салыстырып, қандай зат есім дара, қандай зат есім күрделі болатынын өзің айтып көр. Жасаған қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.

Зат есім дара және күрделі болады.

Дара зат есім бір сөзден тұрады: *қойшы, мал, түйе.*

Күрделі зат есім екі не одан да көп сөзден тұрады: *тасбақа, аққу, ата-ана, теміржол.*



65. Өлеңді түсініп оқы.

Шопаната баласы –
Қойлар бассын үйіңді,
Қойлар басса үйіңді,
Қоймай бассын үйіңді.

- Өлең не туралы?
- Қарамен берілген зат есімнің дара, күрделі екенін ажырат.

66. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, өлеңді көшіріп жаз.

Қой атасы – ...
Жылқы атасы – ...
Ешкі атасы – ...
Түйе атасы – ...
Сиыр иесі – ...

Керекті сөздер: Ойсылқара*, Шекшеката*, Шопаната*, Зеңгібаба*, Қамбарата*.


- Өлеңнен дара, күрделі зат есімдерді тап.
- Төрт түлік мал туралы ертегі құрастырып көр.

67. Суреттердің көмегімен сөзжұмбақ құрастыр және оны шеш.

Көлденеңінен:

1. қарт адам


2. _____



Тігінен:

1. _____

2. _____



- Тапқан сөздердің мағынасын сөздіктен қарап біліп ал.

68. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Жағажай,
Жағажайда Қамажай.

жағажай

69. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.

Алғашқы түбір сөз –
Қай сан? Тап.
Екінші түбір сөз –
Сұйық зат.
Екеуін қосып оқысаң –
Жерге қойған ат.

Ескен Елубай



70. Ертегіні тыңда.

99

Түлкі, тасбақа және кене

Баяғыда бір түлкі, бір тасбақа және бір кене – үшеуі жолдас болып келе жатады. Алдарында бір уыс тары жатыр екен. Үшеуі ойланып:

– Мұны тұқым қылып жерге егіп, көбейтейік. Сонан кейін бөліп алайық, – деді.

Түлкі бір жарды көріп:

– Мен осы жарды сүйей тұрайын, болмаса құлап кетер, – деп жардың астын саялап жатып алады.

Тасбақа жерді тырналап, кене тарыны жиып, егіп, әлекке түседі. Сөйтіп, көп бейнет шегіп, тары піскен соң оны орып, жинап алады.

«Ақ серек, көк серек» кітабынан



- Ертегіні әрі қарай жалғастырып көр.
- Жинаған өнімді қалай бөлісті деп ойлайсың?
- Түлкінің қылығы туралы не айтар едің?

тасбақа



71. Жаңылтпашты көшіріп жаз.

Көлшіктегі көлбақаны аласың ба,
Тастақтағы тасбақаны аласың ба?



- Дара және күрделі зат есімдерді тап.



72. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөз туралы энциклопедиядан біліп ал.

7



” ШЫ

73. Жұмбақты көшіріп жаз.

Айдалада ақ отау,
Аузы-мұрны жоқ отау.

- Күрделі зат есімді тап.

74. Орны ауысқан әріптерден күрделі сөз құрап оқы.

аблақйамқ –
лүіг-неөөг –
Аалтуа –



100

75. Суреттердің көмегімен ертегіні құрастырып көр. Ертегіні «Бірде аң патшасы Арыстан ормандағы аңдарды жинап алыпты. Оларға үлкен жарыс өткізілетінін хабарлап, жарыстың талаптарын түсіндіріпті...» деген сөйлемдерден баста.

– Олар жетем дегенше
мен демала тұрайын.



– Мәреге қайтсем
бірінші жетемін?





- Жарысқа қандай аңдар қатысты?
- Мәреге олардың қайсысы бұрын жетті деп ойлайсың?
- Суреттегі аңдардың қайсысы азайып кетті деп ойлайсың?
- Оларды қорғау қажеттігін топта талқыла.
- Қорғауға алынған тағы қандай аң-құстарды білесің?



76. Көп нүктенің орнына күрделі зат есімдерді тауып жаз.

1. Аңдар: ..., ...
2. Құстар: ..., ...
3. Өсімдіктер: ..., ...
4. Жер-су аттары: ..., ...



77. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, санамақты оқы.

- Бір дегенім – ...
 Екі дегенім – ...
 Үш дегенім – ...
 Төрт дегенім – ...
 Бес дегенім – ...
 Алты дегенім – ...
 Жеті дегенім – ...
 Сегіз дегенім – ...
 Тоғыз дегенім – ...
 Он дегенім – ...
 Он бір қара жұмбақ.



- Санамақтағы зат есімдерді ата.



78. Мәтінді көшіріп жаз.

Құстардың ең ірісі – түйеқұс. Оның биіктігі екі метрден асады. Аяғы екі саусақты. Қанаты қысқа.

- Мәтіннен зат есімдерді тап. Олардың дара немесе күрделі екенін айт.

79. Сандарды алып тастап, әріптерді ретімен оқып көр. Қандай сөз шықты?

б	1	а	2	з
5	л	4	м	7
ұ	6	з	0	д
8	а	қ	9	10

80. Өлеңді жатқа жаз.

Күн күркіреп, себелеп,
 Жаңбыр жауып, басылды.
 Көкжиекке* керемет
 Кемпірқосақ асылды.

Д. Байбеков

- Дара зат есімнің астын – бір сызықпен, күрделі зат есімнің астын екі сызықпен сыз.

81. «Сыңарын тап» ойыны.

жол, өнер,
 тас, егеу



құйрық, бақа,
 барыс, кәсіп



101–102

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Берілген сөз табы туралы білетіңді айт.

1. Нені білдіреді?

2. Қандай сұрақтарға жауап береді?



Зат есім

2. Сөздерді оқы. Әр қатарда берілген бес сөздің қайсысы артық? Неге?

1. Алатау, Алматы, өзен, Маңғыстау, Жамбыл.

2. Елік, қояндар, алмалар, құстар, еліктер.

3. Ай, Айгүл, ата-ана, асық жілік, тасбақа.

3. Өлеңді жатқа жаз.

Мен гүлдерді жұлмаймын,
Торғайларды қумаймын.
Айтқан сөзді тыңдаймын,
Анашымды сыйлаймын.

Ақшатап Бақтыгереева

- Көпше түрде тұрған зат есімдердің астын сыз.

4. Оқы. Бұл үзінді қай ертегіден екенін есіңе түсір.

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр жүгіріп келіп:

– Ей, күшік, мен сені жеймін! – депті.

– Қой, көкешім, қой! Өуелі мені тойғыз, сонан соң жер-сің, – депті күшік. Қасқыр:


– Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай ере бер, – депті.

- Ертегіден зат есімдерді теріп жазып, оларды түбір мен қосымшаға ажырат.

- Ертегіні әрі қарай жалғастыр.

5. Қай сөздер көп?

Жайық, бесік, Жиренше, ертегі, Тайбурыл, оқушы, көз, сөз табы.



- Жалпы есімдерді көшіріп жаз.

6. Өлеңді түсініп оқы.

Білмейді Омар, Ораздар,
Жұмбақ сырлар біраз бар,
Неге ұшпайды түйеқұс,
Күркетауық, қораздар?

Дақ бар неге Күнде?
Соны айтпаса білім бе?
Неге жалғыз тұрады,
Көртышқандар інінде?

Қадыр Мырза Әли

- Өлеңнен күрделі зат есімдерді тап.
- Өлеңдегі сұрақтарға жауапты энциклопедиядан тауып жаз.

7. Аяқтап жаз.

Астана сөзі бас әріппен жазылады, өйткені ...
Мирас сөзі бас әріппен жазылады, өйткені ...
Оқушы сөзі кіші әріппен жазылады, өйткені ...

103–104-сабақтар – бақылау диктанты

ҚОРШАҒАН ОРТА



не істеді?
қайтті?
жазды
жазып балды
қандай?

- Етістікті ажыратуды;
- дара және күрделі етістіктерді анықтауды;
- ізденуді;
- нұсқаулық жазуды;
- оқиға бойынша мәтін құрастыруды **үйренемін.**



105

Қоршаған ортаны танып білемін

Етістік

1. Суреттерге қара.



- Суреттерден көктемнің қандай белгілерін байқадың?
- Балалар не істеді? Балалардың қимыл атауларын білдіретін сөздерді ата.
- Бұл сөздер қандай сұраққа жауап береді? Қай сөз табына жатады?
- Өзіңе ұнаған суретпен сөйлем құрап жаз. Қимылды білдіретін сөздің астын сыз.





2. Оқы. Сөйлемдерді қатесін түзетіп жаз.



Бие мөңірейді.
Түйе мияулайды.
Қой үреді.
Сиыр қыт-қыттайды.
Ешкі кісінейді.
Ит бақырады.
Тауық маңырайды.
Мысық боздайды.



- Қарамен берілген сөздер қандай сұраққа жауап береді?



Заттардың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді **етістік** дейміз. Етістіктерге **не істеді? қайтті? не қылды?** деген сұрақтар қойылады: *өсті, ойнады, сайрады.*



3. Оқы. Мәтінге ат қой.

Қайың тегіс және таулы жерлерде өседі. Қайыңнан түрлі үй жиһаздары жасалады. Оның майымен былғары* өңделеді. Ол улы газдарды өткізбейді.

Қайың – аса пайдалы ағаш.

- Мәтіннен етістіктерді тап. Мәтінді етістіктерсіз оқып көр. Не түсініксіз болды? Сөйлеуде етістік не үшін қажет екен?



- *Былғары* сөзінің мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап ал.



4. Мәтінді негізгі сөздің мағынасына қарай етістікті қойып оқы.

Көктем Жер Күн ..., найзағай Құстар жылы жақтан

- Көктемде болатын құбылыстардың реттілігін көрсетіп тұрған етістіктерді ата. Мәтінге қандай сұрақ қоюға болады? Бұл мәтіннің қай түрі?

5. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Әсем бақта өн салады,
Әніне жұрт тамсанады.

--	--	--	--	--	--

- Жұмбақта берілген етістіктер қай құс туралы айтып тұр?



106

6. Суреттердің көмегімен мәтін құрастырып жаз. Мәтініңді «Көңілді көктем табиғатты ұйқысынан оятты» сөйлемінен баста.



- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Етістіктердің астын сыз.





7. Берілген заттардың бөріне ортақ етістікті тап.

балық
кеме
үйрек

...?

бүркіт
ұшақ
инелік

...?



8. Үлгіге қарап, сұраққа жауап жаз. Бұдан қорытынды жасап көр.



Сөйле, оқы, жаз, кел, жақ.

Үлгі: **не істеді?**

тасыды

тікті

...

не істейді?

тасиды

тігеді

...



9. Анаңмен зоодүкенге бардың. Саған тор ішіндегі тотықұс қатты ұнады. Сатып алу туралы өтінішіңді анаңа қалай жеткізесің? Ол үшін төмендегі үш өтініштің қайсысын таңдайсың?

Анашым, мен мына тотықұсты аламын.

Анашым, мына тотықұсты алып беріңізіші.

Анашым, әдемі тотықұс екен, алайықшы. Мен өзім қарауға уәде беремін.



10. Көркем жаз.

Ақылды бала айтқызбай біледі.



107 11. Мәтінді оқы.

Екі бала тоғайға бардық. Қарағайдың, түрлі өсімдіктің жұпар иісі мұрныңды жарады. Аласа бұталардың арасынан сұр торғай, көк шымшықтар пыр-пыр ұшады. Алыстан ала қанат тоқылдақтың тоқылы естіледі.

Тоғай іші көңілді.



• **Не істедік? қайтеді?** сұрақтарының тиістісін қойып, етістіктерді тап.

12. Өлеңді жатқа жаз.

Ақ қанатты шағала,
Қалықтайсың жағада.
Көк теңізден шықпайсың,
Жағасында ықтайсың*.

Тұрысбек Еділбаев

- Етістіктердің астын сыз.
- Өлең не туралы екенін айт. Оған ат қой.

13. «Түлкі мен ешкі» ертегісіндегі негізгі оқиғаларды есіңе түсір. Суреттерді пайдаланып, жоспарды жалғастырып жаз.



Жоспар:

1. Түлкінің апанға түсіп кетуі.

2.

3.



14. Сөздерді оқып, олардың етістік екенін дәлелде.

Сайрады, ұлыды, жарқылдады, үрді, оқыды, ойлайды, жазады, көрді, жинады, гүлдеді.

• Етістіктерге сұрақ қой, оларды тиісті сұрақтардың тұсына топтастыр.

не істеді? ...

қайтті? ...

не істейді? ...



108

15. Мәтінді түсініп оқы.



Мақта – аса бағалы өсімдік. Одан талшық алынады.

Мақта құнарлы топырақты және ылғалды ұнатады. Ол суармалы жерде өсіріледі. Піскен кезде қауашағы ашылады. Одан ұлпілдеген ақ мақта көрінеді.



• Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.



• Мәтіннің құрылымын анықта.



• Бұл әңгімелеу мәтіні ме, әлде сипаттау мәтіні ме? Дәлелде.

16. Жұмбақты көркем жазып, шешуін тап.

Төбеден төнеді,
Тамшысын төгеді.

Сол кезде, ой, қаулап,
Бөйшешек өнеді!

бөйшешек

• Жұмбақтағы етістіктердің астын сыз. Олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын анықта.



17. Оқы.

Сыйлау, кездесу, ұялу, үркіту.

• Сөздіктен осы етістіктердің синонимдерін тап.



Үлгі: сыйлау, құрметтеу; ...

18. Сұрақтардың орнына қажетті сөзді қойып, көшіріп жаз.



(Кім?) інісін киіндірді.

(Кім?) өзі киінді.

- *Киіндірді* етістігі қай кезде қолданылады, ал *киінді* етістігі ше?
- Өзің кішкентайларға қалай қамқорлық жасайтының туралы айт.



19. Сыныпта оқушылар «Ауаның қасиеті» тақырыбында тәжірибе жүргізді. Үш майшамды жағып, үстел үстіне қойды. Оның біреуін жарты литрлік банкамен, екіншісін екі литрлік банкамен жапты. Үшіншісін ашық қалдырды.

Сен қалай ойлайсың, алдымен қай майшам сөнеді? Оның себебі неде?

литр

- «Ауаның қасиеті» тақырыбында әңгімелеу мәтінін құрап жаз.



109

Ізденуді үйренемін

Дара және күрделі етістік

20. Кестедегі сөздерді оқы.

Дара етістік	Күрделі етістік
жазды, ұшты, жүзді, күлді, түсті	жазып отыр, ұшып бара жатыр, жүзіп жүр, күліп отыр, түсіп кетті

- Кестеге қарап, дара етістік пен күрделі етістіктің ерекшелігін өзің анықтап көр. Жасаған қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.

Етістік дара және күрделі болып бөлінеді. **Дара етістік** бір сөзден тұрады: *жазды, көрді, ұшады*. **Күрделі етістік** екі не үш сөзден тұрады: *жазып отыр, көріп жүр, ұшып бара жатыр*.

21. Мысалды оқып, әрі қарай не болатынын болжа.

Құмырсқа мен шегіртке

Кішкентай құмырсқа нанның қиқымын алып келе жатып, байқаусызда шұңқырға түсіп кетеді.

Мұны көрген шегіртке мазақтап күледі. Осы кезде оны... .



- Мысалдағы қарамен жазылған етістіктердің дара, күрделі екенін ажырат.



22. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

Өзі мықты не деген,
Жүгі қандай зор еді?!
Тіп-титімдей денемен
Тау көтеріп келеді.



- Етістіктерді тап. Дара, күрделі екенін ажырат.



23. Өңгімені оқы.

Жаралы көгершін

Ахмет бірде жаралы көгершінді тауып алды. Оны аяп, үйіне алып келді. Денесін суық сорған құс дірілдей берді.

«Кім сені таспен атқан, а? Ондай бұзық баладан қандай адам шығар дейсің?» – деп, анасы құстың жарақатына дәрі-



дәрмек жақты. Құстың қанатының астында тілік бар екен. Қан ұйып қалыпты. Дәкемен денесін орап тастады.

Бір аптадан кейін жарасы жеңілдеді. Көгершін қанатын қомдайтын* болды.

Н. Құмар

- Өңгімеге құрылған жоспарды жалғастыр.

Жоспар:

1. Ахметтің жаралы көгершінді тауып алуы.
- 2.
- 3.

- Өңгімедегі етістіктерді тап. Олардың дара, күрделі екенін айт.

24. Дара етістікті күрделі етістікке айналдырып жаз.

Өсті, жуды, сүзді, озды, тоқыды.

25. Ребусты шеш. Шешуіндегі етістікті қатыстырып сөйлем құра.



26. Өлеңді мәнерлеп оқы.

110

Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды.

Жақан Смақов

- Өлеңдегі етістіктерді тап.
- Өлең мазмұны бойынша сұрақ қой.

27. Жаңылтпашты қатесін түзеп жаз.

Үмүт түбүт түтті,
Түбүтті түтүп бітті.

- Етістіктерді тауып, дара не күрделі екенін ажырат.

28. Мәтінді түсініп оқы.

Құстардың тұмсығы дән шоқу, жаңғақ шағу, жемістерді жұлу үшін қажет.

Кейбір құстар тұмсықтарын ұя салатын немесе тесік оятын құрал ретінде пайдаланады.

- Мұндай құстардың пайдасы туралы топта талқыла.



29. Өз аулаңдағы құстарды бақыла. Сонда байқағандарың туралы шағын мәтін құрап жаз.

30. Не істеді? қайтеді? сұрақтарына жауап беретін сөздерді топтасырып, себебін дәлелде.

Қайталады, саңқылдады, шықылықтайды, қиқулайды, киді, ойлады.



111

31. Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді оқы.

Торғай мен бұтақ

Бір топ торғай ұшып келіп, ағаштың басына қонды. Бұтақ басына бір торғайдан қонып еді, бір торғайға бұтақ жетпей қалды. Сонан соң бір бұтаққа екі торғайдан қонып еді, бір бұтақ артық қалды. Бұтақ нешеу? Торғай нешеу?

- Мәтіндегі сұрақтарға жауап бер.
- Мәтіндегі етістіктерді тап.



32. Көп нүктенің орнына тиісті зат есімдерді қойып оқы.



... құйды, ... көмектесті, ... екті, ... ұстады.



• Жаттығудағы етістіктерді күрделі етістіктерге айналдырып, сөйлемдерді көшіріп жаз.



33. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Көп-көп ине, көп ине,
Бір сабағы жоқ ине,
Іс тікпейді, әрине.



• Енді жұмбақтың шешуіндегі сөзге өзің жұмбақ құрастырып көр.




34. Берілген етістіктерді үлгі бойынша жазып, олардың антоним екенін дәлелде.

Үлгі: байлады – шешті.

Байлады, шашты, жапты, үзді, ашты, жалғады, шешті, жинады.



35. Сөзжұмбақты шеш.



1. Таудан ағып жатқан табиғи су.
2. Қарға тұқымдас ала қанатты құс.
3. Сан.
4. Аң патшасы.
5. Уақытты білдіретін зат.



• Шешуіндегі аң туралы білетініңді айт.



112

Нұсқаулық жазамын

Дара және күрделі етістік

36. Өлеңді түсініп оқы.

Елден алғыс алған мың,
Мен бағбанмын, бағбанмын.
Бақ қызығы керек пе,
Кел, балақай, көмекке?!

Адамға тән шыдам-күш,
Балаға тән ұнамды іс.
Бағбан* бала атансаң,
Айтам саған мың алғыс.

Бейсебай Кірісбай



- Өлеңде кім туралы айтылған?
- Оған ат қой.
- Өлеңдегі негізгі ойды анықта.

37. «Жас бағбанның есіне» тақырыбындағы нұсқаулықты әрі қарай жалғастырып көр.

1. Үстіңе қозғалуға ыңғайлы киім ки. Баскиім киюді ұмытпа.

2. Еңбек құралдарын қалай пайдалануды үлкендерден сұрап ал.

3. ...

4. ...

5. ...

- Құрастырған нұсқаулықтан дара және күрделі етістіктерді тап.





38. Мәтінді оқы.

Жемістер денсаулыққа пайдалы. Себебі олардың құрамында дәрумендер* мол. Дәрумендерге бай жемістер қатарына апельсин, мандарин, ананас жатады.



- Оқығаның пайымдау мәтіні екенін дәлелде.



- «Жемістерді қалай пайдалану қажет?» тақырыбына нұсқаулық құрастырып көр. Оны «Жемістердің жеуге жарамдысын іріктеп ал» деген сөйлемнен баста.



39. Жұмбақты көркем жаз, шешуін тап.

Шөпшілердің шөбін шашты,
Қалпағымды ала қашты.



- Етістіктердің астын сыз. Дара, күрделі екенін айт.



40. Тірек сөздерді пайдаланып, тақырып бойынша әңгіме құра.

Тақырып: Сотқар мысық.



Тірек сөздер: мысық, кірпі, көзі шалып қалды, қасына тақады, қозғалта алмады, арқасынан салып қалды, қан саулады, өзер жетті.

• Дене жарақаты кезінде көрсетілетін алғашқы көмек нұсқаулығын құрастырып көр. Ол үшін *біріншіден, екіншіден, үшіншіден, соңында* сөздерін қолдануды ұмытпа.



41. Мәтінді түсініп оқы.

113

Бір қаз өзенде жүзіп жүріп, өзіне-өзі «Мен қандай ғажап құспын, жерде жүремін, суда жүземін, ауаға ұшамын, мендей құс бар ма екен?» – дейді. Мұны Әтеш естіп, оған: «Бекер мақтанасың, сен аттай шаба алмайсың: әр істі жаман білгенше, бір істі тәуір білген жақсы емес пе?» – деді.

Спандияр Көбеев

- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтінге ат қой.
- Мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікір айтып көр.

42. Қатесін тап және түзеп жаз.

Тоты – әдемі құс. Ол Африка, Австралия ормандарында тіршілік етеді.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

- Етістіктерді тап.

43. Пирамидадан жеті әріптен тұратын етістікті тап. Тапқан етістікті торкөздерге орналастыр.





44. Сұрақтарды басшылыққа алып, құстарды қалай қорғау қажеттігі туралы нұсқаулық жаз.

Кім нені қорғауы тиіс? Неден қорғауы тиіс? Оларға қандай жағдай жасау керек?



45. Сурет бойынша әңгіме құра.



46. Мәтінді қатесін түзеп көшіріп жаз.

Адамдар ғарышқа ушуды армандайтын. Бұл арман орындалды. Ғарышқа алғаш рет юрий гагарин ұшты.

- Етістіктердің астын сыз.



114

47. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Тұңғыш қазақ ғарышкері» тақырыбына әңгіме құра.

Тірек сөздер: 1991 жыл, 2 қазан, тұңғыш рет, Байқоңыр, ғарышкер, Тоқтар Әубәкіров, ғарыш айлағы, ұшты, әйгілі болды.



- Қазақстан ғарышкерлері туралы энциклопедиядан біліп ал.

48. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөз туралы білетіңді айт. Бұл сөз қазір қалай аталады?



- Еліміздің рәміздері туралы біліп ал.

49. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мақалдарды көшіріп жаз.

... тамырымен мықты,
Адам достарымен мықты.

... жер бұлақсыз болмас,
Сулы жер құрақсыз болмас.

50. Кестені тиісті етістіктермен толтырып жаз.

Дара етістіктер	Күрделі етістіктер
тікті, ...	тіге алады, ...



115

Оқиға құрастыра аламын

Сын есім

51. Мәтінді түсініп оқы.

Мүйізтұмсық – ірі жануар. Оның мүйізі жіңішке талшықтардан құралған. Алайда мүйізтұмсық күндіз сұлап жатады да, айбарлы дыбыс шығарады. Ал түнде жайылымға шығады.



«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



- Мәтін не туралы?
- Оқиганың мәтін екенін дәлелде.
- Мәтіннің түрін анықта.
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге сұрақ қой. Бұл сөздер нені білдіреді?



Заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сөздерді **сын есім** деп атайды. Сын есімдерге қандай? қай? деген сұрақтар қойылады: *сұлу, жақсы, таза, қоңыр.*



52. Жұмбақты көркем жаз. Шешуін тап.

Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті төтті.



- Сын есімдердің астын сыз.
- Жұмбақтың шешуін табуға қай сөздер көмектесті? Содан соң қорытынды жасап көр.



53. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра.



”””

””



”””



54. Жаңылтпашты қатесін түзеп көшіріп жаз.

Үшкір тұмсұқ
Сұр шымшық
Сордан ұшты
Құрыт шымшып.

- Сын есімдерді тап.



55. Суреттерге қара. Сол бойынша қандай оқиға болғанын әңгімеле.





56. Өлеңді көшіріп жаз.

116

Асау өзен арқырап,
Асқар таудан дүркіреп.
Айдын жатыр жарқырап,
Алды дала бір түлеп.

Қасым Аманжолов



- Сын есімдерді тап, оларға сұрақ қой.
- Сын есімнің қай сөз табымен байланысып тұрғанын тап.



57. Суреттерге қарап, онда нелер бейнеленгенін айт.



- Суреттегі заттардың белгілерін ата: көлемін, түсін, пішінін, дәмін.
- Өзің қалаған бір сурет бойынша сөйлем құрап жаз. Сын есімнің астын сыз.



58. Сын есімдер қатарын тап.

1. Күрек, шеге, жасыл, келу.
2. Піл, мөлдір, тұнық, маймыл.
3. Терең, жарық, қызыл, қою.
4. Балапан, таңқурай, үлкен, жүз.



59. Үлгі бойынша сын есімдерді мағынасына қарай топтап жаз.

Үлкен, ірі, жасыл, жақсы, ащы, домалақ, қышқыл,
құрғақ, ұсақ, кіші, күлгін, боз, дәмді, тәтті, сопақ, сүйір.

Үлгі:	Түс	Дәм	Көлем	Пішін	Сапа

60. Сұрақтар бойынша сипаттау мәтінін құра.

Түлкі қандай аң?

Түсі қандай?

Оның құйрығы қандай болады?

Түлкі қандай жерді мекендейді?



117

61. Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді түсініп оқы.

Балықшы мысық

Мысық өзенге балық аулауға барады. Қармағын суға салады. Оған шабақ түседі. «Бұл кішкентай балық қой» деп ойлайды мысық. Қармағына құрттын іліп алып, тағы да суға тастайды. Бұл жолы қармаққа алабұға түседі. «Алабұға да онша үлкен емес» деп ойлайды. Қармағын үшінші рет тастайды. Қармаққа үлкен шортан балық түседі. Ол мысықты суға сүйреп әкетеді.

«Хрестоматиядан»

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтіннен сын есімдерді және күрделі зат есімді тап.

62. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

Алабұға – ала балық,
Көрінеді адамға анық.
Арқасында тікені бар,
Жүрмесінші қадап алып.

- Сын есімді тап.



63. Сын есімдерді тиісті зат есімдермен сәйкестендір.

жазық	қоян
арық	аспан
биік	жіп
ашық	дала
бойшаң	тау
қысқа	қой
сұр	түйе
жуас	қыз



64. Мәтінді қатесіз көшіріп жаз.

Сүт ағаштардың жемісі жеуге жарамсыз. Бірақ діңін кессе, сүтті шырын ағады. Шырыны майлы, тәтті және құнарлы.

«Хрестоматиядан»

- Мәтіннен сын есімдерді тауып, сұрақ қой.



65. Өлеңді оқып, сын есімдерді тап.

Алуан түстен өріліп,
Әсем лента керіліп,
Жаңбырдан соң тұрады
Көк аспаннан көрініп.

Рамазан Тышқанбаев



- Өлеңнің мазмұны бойынша әңгіме құрастырып көр.



118

66. Мәтінді көшіріп жаз.

Ертіс – үлкен өзен. Оның бойына сәулетті қалалар салынған. Ертіс жағасының құнарлы топырағы мол өнім береді.

- Мәтіндегі сын есімдерді тап. Олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.




67. Сызба бойынша бір зат есімге қатысты бірнеше сын есім тауып айт.

Тақтай, дала, көл.

Үлгі: жалпақ
қалың
тегіс

тақтай



68. Ұшақты сипаттап, мәтін құрастыр.



69. Көп нүктенің орнына мағынасы сәйкес сын есімдерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Үлкен бастар, ... қостар.
2. Мақта жеңіл, тас
3. Пияздың дәмі – ащы, қанттың дәмі –

70. Мақалдарды жатқа жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Мәуелі ағашқа тас атпа.
2. Берекелі елден мереке кетпес.



119–120

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Өлеңді жатқа жаз.

Төскейден жел еседі,
Төбемнен бұлт көшеді.
Туған жерім мен үшін
Көк майсасын төседі.

Есентай Ерботин

- Етістіктердің қай сөзбен байланысып тұрғанын сызбамен көрсет.

2. Мәтінді оқып, етістіктерді тап.

Көл баяу толқып жатыр. Көлдің түбі – құмақ. Қиыршық тастар да бар. Балалар көлге шомылуға келді.

– Оңға жүз! Иірімге барма! – деп айқайлады Жүсіп. Айша оңға жүзді. Онымен қатар Әмина жүзіп барады.

- Етістіктердің дара немесе күрделі екенін айт.

3. Суреттегі зат атауларын олардың қимылын білдіретін сөздермен сәйкестендір.



жүзеді



жүреді



үшады



4. Мәтінді түсініп оқып, әрі қарай жалғастырып көр.

Жер бетіне көк қылтияды*. Жан-жануарлардың арқасы кеңіп*, жәндіктерге де жан бітеді. Құрт-құмырсқа қыбырлай бастайды. Көктемнің осы сәтіне адамдар да сағынып жететін сияқты. Әйтеуір балалардың жыл құстарын сағына күтетіні анық.

- Етістіктерді тауып, сұрақ қой.

1. Көк қайтеді?
2. ...?
3. ...?
4. ...?
5. ...?

5. Сын есімі бар бағандағы сөйлемдерді көшіріп жаз.

Оның құлағы,
құйрығы және
жүні бар.

Оның ұзын құлағы,
қысқа құйрығы және
жылы жүні бар.
Жазда жүні сұр,
ал қыста ақ болады.

- Бұл қай аң?
- Оның қасиетін қандай сын есімдермен айтуға болады?

6. «Астана – әсем қала» тақырыбына әңгіме құра.

Жазған әңгімеңді сыныптасыңа оқып бер. Төмендегі сұрақтар арқылы бір-біріңді бағала:

- Құраған әңгімеңдегі жер-су аттары қандай өріппен жазылады?
- Қаланы сипаттауда қандай сын есімдер қолданылған?

САЯХАТ



көк
көк ала
он жеті
алтау
нешінші?
қандай?

- Дара және күрделі сын есімді анықтауды;
- сан есімді, оның дара және күрделі түрлерін ажыратуды;
- үлгі бойынша хабарлама, хабарландыру жазуды;
- тілдік нормаларды дұрыс қолдануды **үйренемін**.

**Үшу аппараттары туралы не білемін?****121****Дара және күрделі сын есім**

1. Кестедегі сөздерді оқы.

Дара сын есім	Күрделі сын есім
ақ, қара, жасыл, сүйір, үлкен	ақ ала, қара торы, жап-жасыл, сары ала

• Кестедегі сын есімдерді салыстырып, қандай сын есім дара, қандай сын есім күрделі болатынын өзің айтып көр. Жасаған қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Сын есім дара және күрделі болады.

Дара сын есім бір сөзден тұрады: *көк, қою.***Күрделі сын есім** екі не одан да көп сөзден тұрады: *ақ сары, көк ала.* Күрделі сын есімнің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Адам көптеген затты табиғаттан үйрену арқылы жасады.

Табиғатты терең бақылап қарау арқылы үшу аппараттарын ойлап тапты. Мәселен, құстың үшу ерекшелігін зерттеп, оны үлкен-үлкен ұшақтар жасауға пайдаланды.

Балықтарды зерттеп, сүңгуір қайық жасады. Инелікке қарап тікұшақ жасады. Міне, осы сияқты адамның табиғаттан үйренгені көп.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін неше бөліктен тұрады?
- Мәтін түрін анықта.
- Қандай ұшақ түрлерін білесің?

сүңгуір



- Үшу аппараттары туралы энциклопедиядан біліп ал.
- Мәтіннен сын есімді тауып, дара, күрделі екенін ажырат.



3. Ойлан, тап. Адамдар мына көліктердің қайсысын қай жануарға қарап ойлап шығарды?



4. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

Батыр болам, –
 Көк аспанды сүйемін.
 Жұлдыздарға
 Барып-келіп жүремін!

Тұманбай Молдағалиев

- Сын есімді тап.

5. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра.



”

,



”

6. Жаңылтпашты қатесін түзеп көшіріп жаз.

Ұшақ құшша ұшар,
Ұшақ ұшша,
Ұзақ ұшар.



122

7. Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа. Сонан соң мәтінді түсініп оқы.

Әділдің арманы

Әділ терең ой құшағында отыр. Оның бар арманы – өскенде ұшқыш болу. Бірде құс болып ұшып кеткісі келеді. Енді бірде «Шіркін, мен де темір құстың моторын өзіме бағындырсам» деп ойлайды. «Ол үшін, – дейді апайы, – сабақты жақсы оқу керек және спортпен шынығу міндетті шарт». Әділге бәрінен де қиын тигені – сабақ оқу. Сабағын оқиын десе, қызықты ойынды кім ойнамақ?

«Балдырған» журналынан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қой.
- Мәтінді әрі қарай өзің жалғастырып көр.
- Мәтіннен сын есімдерді тап. Дара, күрделі екенін айт.



8. Өлеңді көшіріп жаз.

Нөсер жауып басылды,
Күннің көзі ашылды.
Қызыл-жасыл киімді
Кемпірқосақ иілді.

«Жыл он екі ай» кітабынан

- Сын есімнің астын сыз, олардың дара, күрделі екенін айт.
- Қарамен берілген сөздің түбірі мен қосымшасын ажырат.

9. Суреттегі артық затты тауып, өз ойыңды түсіндір.



10. Өлеңді жатқа жаз.

Ала таңнан тұрып ап,
Құба жонға* барамын.
Ақ боз атқа мініп ап,
Жұлдыздайын ағамын.

Тұрысбек Еділбаев

- Күрделі сын есімнің астын сыз.
- Өлеңдегі *ақ боз ат* ұшу аппаратына жата ма?



11. Ребусты дұрыс шешсең, саяхатшылардың ғарыш кемесі қайда ұшып баратынын білесің. Ол жұлдыз қалай аталады?

7



”

ШЫ





12. Мәтінді түсініп оқы.

123

Қазіргі кезде ғарышты игеру тез алға басуда. Азғана уақытта Жер төңірегіне екі мыңға жуық жасанды серік* ұшырылды.

Жердің жасанды серіктері халық шаруашылығына үлкен қызмет көрсетеді. Ғарыштан түсірілген суреттер ауа райын болжауға мүмкіндік береді.

Жасанды серіктер арқылы телехабарлар беріледі. Алыс жерлермен радио, телефон байланыстары жүргізіледі.

Көптеген елдердің ғарыш кемелері біздің республикамыздағы Байқоңыр ғарыш алаңынан ұшырылып келеді.

«Дүниетану анықтамалығы» кітабынан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Байқоңыр ғарыш алаңы туралы энциклопедиядан біліп ал.

13. Сендер ғарыш алаңына бардыңдар. Ғарышқа ұшқалы жатқан ғарышкермен кездестіңдер. Ғарышкерге қандай сұрақ қояр едіңдер? Бірің – ғарышкер, бірің тілші болып, бір-біріңмен сұхбаттас.

14. Мына күрделі сын есімдерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

Қызыл ала, қара көк, сары ала, көк ала.

• Жазған сөйлемдердегі сын есімдердің астын сыз. Дара, күрделі екенін айт.

15. Жұмбақты көшіріп жаз, шешуін тап.

Өзі жап-жас, мұрты бар,
Ет пен сүтке ұмтылар.
Тастамайды жылы үйде
Түкті тонын шұп-шұбар.



- Сын есімдердің астын сыз.

• Жұмбақтағы кез келген бір сын есімді таңдап ал. Сол сын есім туралы жоспар бойынша әңгімеле.

1. Бұл сын есім қандай сұраққа жауап береді?
2. Нені білдіреді?
3. Мағынасы жағынан қай зат есіммен байланысады?
4. Дара ма, күрделі ме?

16. Сурет бойынша мәтін құрап жаз.



124 17. Мәтінді түсініп оқы.

Серіктің ағасы – ұшқыш. Бірақ оның ұшағы шағын. Ол соны ойлап, қиялдап отыр. Ағасы үлкен ұшақты басқарса гой! Күнде теледидардан көрсететін ұшақтар қандай керемет!

- Серік, сен не ойлап кеттің? – деді қасына келген ағасы.
- Аға, сен неге үлкен ұшақпен ұшпайсың?
- Үлкен ұшақтармен ұшатын ұшқыштар көп. Мен сияқты шағын ұшақпен ұшып, халық шаруашылығына көмектесетін адамдар да керек, – деді ағасы.

«Балдырған» журналынан

- Мәтін не туралы?
- Мәтін саған ұнады ма?
- Ұшақтың қандай түрлерін білесің?



18. Өлеңді қатесін түзеп көшіріп жаз.

Мынау – жасыл қарындаш,
 Мұнымен гүлті бояймын.
 Мынау – көк қарындаш,
 Мұнымен суды бояймын.

Ұлықбек Есдәулетов

- Сын есімді тап.
- Қарамен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.

19. Берілген әріптер қатарында жасырынған сын есімдерді тауып оқы.

к	ө	к	о	ө	щ	ә
к	ё	h	к	д	ө	ц
а	ә	м	л	е	и	м
л	а	с	н	м	ф	т
а	қ	ң	қ	і	р	і
ж	з	ө	т	а	з	а
ф	қ	ы	с	қ	а	м
с	а	р	ғ	ы	ш	ц
к	қ	о	ф	ц	с	ф

20. Өлеңді көшіріп жаз.

Жаман бала өзін-өзі мақтайды,
 Жақсы бала ар-ұятын сақтайды.
 Тоқылдақтар тоқ-тоқ етіп тоқтайды,
 Бұлбұл құстай әсем әуен таппайды.

Кәкімбек Салықов

- Сын есімдердің астын сыз. Дара, күрделі екенін ажырат.



21. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Адам көтерген көк ала шатыр,
Қалқып келе жатыр.

- Сын есімді тап. Дара, күрделі екенін ажырат.



125

Саяхатқа шығамын

Сан есім



22. Мәтінді түсініп оқы.

Саяхатқа шығу туризм дегенді білдіреді. Нағыз туристер саяхатта жүргенде демалып қана қоймайды. Сонымен қатар саяхат жасаған жерлері жайында егжей-тегжейлі білуге талпынады.

егжей-тегжейлі

Саяхатшылар – табиғаттың нағыз жанашыр қорғаушылары. Олар ағаштарды бекерден-бекер кеспейді. От жақпайды. Жас шыбықтарды сындырмайды. Қайта табиғат зиянкестерімен күрес жүргізеді.

Екінші, үшінші сынып оқушылары мұғалімдерімен бірге 8–10 километрден аспайтын, бір күндік жорықтарға* шығады.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



- Туризм дегенді қалай түсінесің?
- Саяхатшылар саяхатта жүргенде не істейді?
- Саяхатшыларды неліктен табиғаттың жанашыры дейді?
- Өзің саяхаттауды ұнатасың ба?
- Мәтіннен қанша? неше? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.



Заттың санын, ретін білдіретін сөздерді **сан есім** деп атайды. Сан есімдерге **қанша? неше? нешінші?** деген сұрақтар қойылады: *бес, жеті, тоғызыншы, жиырмасыншы.*



23. Мәтінді тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз.

Саяхат адамды жақсы әдетке баулиды ол қиындықтарды жеңуге үйретеді сондықтан бір күндік саяхатқа шығып тұрған дұрыс.

- Сан есімнің астын сыз.



24. Суретке қарап, қай қалаға саяхатқа шығатынымызды болжа.



- «Астанаға саяхат» тақырыбына өңгіме құрап айт.
- Өңгімелеріңде **қанша? неше?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді пайдалан.



25. Мақалды жатқа жаз.

Батыр бір рет өледі,
Қорқақ мың рет өледі.



- Сан есімдерді тап, олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын анықта.

26. Ойлан, тап.

Алғашқы түбір сөз –
Аспан әлемінің бірі.
Екінші түбір сөз –
Жорғалаушының бірі.
Екеуін қосып оқысаң –
Зиянкестің түрі.

сүтқоректілер



126

27. Мәтінді түсініп оқы.

Теңіз көлі Ақмола облысының аймағында орналасқан. Көлге Сарыарқадан басталатын Нұра өзені келіп құйылады. Тереңдігі – 3 метр. Теңіз көлінде 60-қа жуық кішігірім аралдар бар. Бұл жерде балықтардың 10, сүтқоректілердің 35 түрі кездеседі.

аймақ

«Қазақстанның өзен-көлдері» кітабынан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қой.
- Мәтіннен сан есімдерді тап. Оларға сұрақ қой.

28. Өлеңнің алғашқы төрт жолын көшіріп жаз, сан есімдердің астын сыз.

Бір топ бала тоғаннан
Он бес балық ұстадық.
Бөліскенде оларды
Әркімге тиді үш балық.
Сынайын бір ал сені,
Бала саны қанша еді?

Сұлтан Қалиұлы

- Өлең саған ұнай ма?
- Өлеңдегі сұрақтың жауабын тап.

29. Сенің туған өлкеңде не бар? Дәптерге жазғанда сол барларының тұсына «+» белгісін қой. Не жоқ? Оның тұсына «-» белгісін қой. Жоқтарын өзің қосып толықтыр.

Не?	Бар	Жоқ
Өзен		
Көл		
Тау		
Орман		
Жазық		
Зауыт		
Ферма		
Стадион		
Мұражай		
Субұрқақ		
Кітапхана		

30. Саған алыстан бір қонақ келді дейік. Сен оған өзіңнің туған өлкеңнен қай жерлерді көрсетер едің? Ал оның туған өлкесі туралы не білгің келеді? Осы сұрақтарды басшылыққа алып, бір-біріңмен сұхбаттас.

31. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөз туралы біліп ал.

1



127

32. Өлеңді мәнерлеп оқы.

еңіс

Жетелесіп, қолдасып,
Шықтық сейіл, серуенге.
Қырқаны асып, жонды асып,
Жүрдік еңіс, өрмен де.

сейіл

жырақ

Ауыл қалды жырақта,
Жұбымызды жазбадық.
Аунап жасыл құраққа,
Тау қойнауын шарладық.

Болат Үсенбаев



- Өлең не туралы? Оған ат қой.
- Бұл сипаттау мәтіні ме, әлде әңгімелеу мәтіні ме?

33. Сандарды сөзбен жазып, өлеңді көшір.

1, 2, 3,
Ал, кәнеки, үш!
4, 5, 6, 7,
Мынау ауыл шеті.
8, 9, 10,
Ал, кәнеки, қон!

Қадыр Мырза Әли

34. Жаңылтпашты жатқа айт.

Алакөл –
 Дара көл.
 Алакөлді қара, көр.
 Ол көл –
 Мөлдір көл.

Ескен Елубай

- Алакөл туралы білетініңді айт.
- Алакөл туралы үлкендерден, дереккөздерден ақпарат ал.
- Өзің Алакөлге барып көрдің бе? Ол саған ұнай ма?

35. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып жаз.

Асқар ... жаста. Атасы ... жаста. Асқар ...-сыныпта оқиды.
 Ол атасымен жайлауға барғанды ұнатады.

- Сан есімдерді тап. Олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.

36. Сөзжұмбақты дұрыс шешсең, жылы жаққа саяхаттайтын құстарды табасың.





37. Өлеңді суреттегілердің атын қойып оқы.

128



«1» дегенім –



Анасына еркелейтін дана.

«2» дегенім –



Ұстатты атам «Ес!» деп.

«3» дегенім –



Көлде жүзер билеп.

«4» дегенім –



Әрдайым іш ас.

«5» дегенім – білім,

Білімді бол, інім.

«Балдырған» журналынан



- Санамақты 10 санына дейін өзің жалғастырып көр.

«6» дегенім – ...

... ..



38. Өлеңді қатесін түзеп, көшіріп жаз.

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жібті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Мұзафар Әлімбаев



- Қарамен берілген сөзді қандай сан есіммен ауыстыруға болады?

39. Серік саяхаттап жүріп, бір үйге кезікті. Сол үйде және оның маңайында үшбұрыш, шаршы және дөңгелектер тығылып қалыпты. Сен олардың санын анықта.



40. Құрамында сан есімі бар сөздерді сөзбен жаз.

Тү+1, 4+пақ, с+10+а, к+2+лік, дер+5, 7+к.

Үлгі: түбір, ...

41. Жұмбақтарды оқып, шешуін тап.

1. Тізбектелген көк үйлер,
Көшіп жүрген көп үйлер.
2. Ұшып жүр күймелі
Қалайы инелік.
3. Қос қылышпен тіліп келеді,
Тілген сайын жүріп келеді.

• Жұмбақтардың шешуіндегі көліктердің қайсысымен саяхаттауды ұнатасың?



Хабарлама, хабарландыру жаза аламын

129

Дара және күрделі сан есім

42. Екі бағандағы сан есімдерді салыстыр.

алты	он алты
жеті	жиырма жеті
сегіз	он сегіз

- Өр бағандағы сан есімдер неше сөзден құралған? Олардың құрамына қарап, өзің қорытынды жаса.

Сан есім дара және күрделі болады.

Дара сан есім бір сөзден құралады.

Күрделі сан есім екі немесе одан да көп сөзден құралады. Күрделі сан есімдердің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады: *он тоғыз, жүз он екінші.*

43. Мақалды жатқа жаз.

Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз.

- Сан есімдердің астын сыз.
- Мақалдың мағынасын түсіндір.

44. Балалар демалыс күні тауға бармақшы болды. Серуенге шығуға дайындалды. Сол сәтте оларға хабарлама келді. Оны оқыған балалар тауға шығуды кейінге қалдырды. Қандай хабарлама келді деп ойлайсың?



45. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, өлеңді көшіріп жаз.



...мекен,
... екен,
... кен.




46. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Ағайынды он екі,
Бір атаның өулеті.



130

47. Суреттерге қарап, балалардың қайда саяхатқа бармақшы болғанын тап.



8-2408

113



48. Мәтінді көшіріп жаз.

Түркістан – қасиетті қала. Ондағы тайқазан – көне ескерткіш. Ол жеті түрлі металдан жасалған. Салмағы – екі тонна.

- Сан есімді тап. Оның қай сөзбен байланысқанын анықта.



49. Диалог сұрақтары мен жауаптарын толықтыр.



– Түркістан қандай қала?

– _____ .

– _____ ?

– Түркістанда Ахмет Йасауидің кесенесі бар.

– Тайқазан туралы не білесің?

– _____ .

– Саяхатқа шыққан адамға қандай тілек айтасың?

– _____ !



- Бір-біріңмен сұхбатқа түсіп көр.



50. Жолаушыға айтылатын тілек сөздерді есіңе сақта және көркем жаз.

Сапарың сәтті болсын! Сәт сапар! Жақсы демалып кел!



51-жаттығу. Өлеңді әнімен айтып көр.

Жолың болсын, жолаушы!

Әні: Ә. Бейсеуовтікі.

Сөзі: С. Тұрсынбековтікі.

Биік-биік тауларды,
Қызыл-жасыл
Бауларды,
Үлкен-үлкен қаланы,
Алыс-алыс ауданды

Көру үшін аралап,
Асығамын сапарға.

Қайырмасы:

Жүрсең алыс сапарда,
Аман-есен оралшы.
Сағынысып көргенде,
Құшақтасып, қол алшы.
Аспанда да, жерде де,
Асуда да, белде де,
Жолың болсын,
Жолың болсын,
Жолаушы!



131 52. Мәтінді түсініп оқы.

Алматы облысы Есік қаласынан табылған «Алтын адам» бейнесі дүниежүзін таңғалдырды. Қорғаннан 7 метр тереңдікте жерленген жас сақ көсемінің сүйегі табылды. Оның төжінен* бастап, аяқкиіміне дейін атты, жолбарысты, тауешкіні, түрлі құстарды бейнелейтін 4 мың алтын алқа қадалған. Баскиімінде екі тұлпар аттың бейнесі бар.


- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Мәтіннен сан есімдерді тап. Олар дара, күрделі екенін ажырат.

53. Хабарландыруды оқып, оның дұрыс жазылмағанын дәлелде.

Хабарландыру

Сәуірдің 21 күні оқушылармен «Ұлттық мұражайға» саяхат жасалады.

Мұражайға кіру ақылы.





- Хабарландырудың нақты уақытын, оны кім жазып отырғанын, төлемақы мөлшерін көрсетіп, қайта жаз.



54. Берілген сан есімдерді сөзбен жаз.

11, 19, 25, 117, 150.



- Осы сан есімдерді қатыстырып сөйлем құра.



55. Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Отыз екі батыр
Екіге бөлініп,
Қамалып жатыр.

- Жұмбақтағы сан есімдердің дара, күрделі екенін ажырат.



56. Сурет бойынша әңгіме құра.





132

57. Сен саяхат жетекшісісің. Сенің міндетің – балаларды өзің тұратын көшемен таныстыру. Ол үшін:

- көше кімнің атында екенін анықта;
- ол туралы ақпарат жина;
- көше атауы болмаса, көше бойында орналасқан ерекше нысандар (дүкен, мектеп және т.б.) туралы айтуға тырыс;
- өз сөзіңде сан есімдерді қолдануды ұмытпа.

58. Мәтінді көшіріп жаз.

Бөдене – жыл құсы. Дүниежүзінде бөдененің жиырма түрі бар. Ол жетіден жиырмаға дейін жұмыртқа салады. Оны он бес-он жеті күн басады.

Бөдененің жұмыртқасы өте пайдалы. Ол баланың ойлау қабілетін арттырады екен.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан

- Сан есімдерді тап. Дара, күрделі екенін ажырат.

59. Жаңылтпашты жатқа айт.

Бір жыңғылда*
Бір мың гүл.
Бір бұлбұлда
Мың бір жыр.

- Сан есімдерді тап. Олардың қайсысы дара, қайсысы күрделі екенін айт.


60. Жоспар бойынша мәтін құрап жаз.

Жоспар

1. Қазақстан жері.
2. Қазақстан халқы.
3. Қазақстанның көрікті демалыс орындары.



61. Мерей орманға саңырауқұлақ теруге келді. Алайда орманда улы саңырауқұлақтар өте көп еді. Олар қызыл түсті. Сен Мерейге жеуге жарайтын саңырауқұлақ тере алатындай жолды табуға көмектес.





133–134

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Сын есімдерді кестеге дұрыс орналастыр.

Үлкен, ірі, қоңыр, жасыл, домалақ, қышқыл, ащы, кіші, ұсақ, боз, күлгін, дәмді, тәтті, сопақ.

Түс	Дәм	Көлем	Пішін

2. Көп нүктенің орнына зат есімнің алдындағы сын есімдерді қойып жаз. Екі бағанды салыстыр.

таза ауа	Ауа
ақ мақта	Мақта
жазық дала	Дала
жақсы бала	Бала

• Қай бағандағы сөздер – сөйлем, қай бағандағы сөздер сөйлем емес екенін дәлелде.

3. Кестенің көмегімен өзің пайдаланып жүрген бір құралды сипаттап жаз. Ол үшін оның ерекше белгілерін санамалап көрсет.

Заттың атауы	Түсі	Пішіні	Көлемі

4. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Қырық құлып,
 Қырық құрық*.
 Құлып та – қырық,
 Құрық та – қырық.

- Сан есім мен зат есімнің байланысын сызбамен көрсет.

5. Сөздерді оқы. Өр қатарда берілген бес сөздің қайсысы артық? Неге?

1. Көк, сары ала, дәмді, үлкен, қою.
2. Жиырма бір, бір, үшінші, жетеу, мың.
3. Ұшырды, ұшып кетті, жазды, ойланды, келді.
4. Біреу, екеу, бес, үшеу, алтау.

6. Сөздерді сөз таптарына топтап жаз.

Күнделік, құрт, мөлдір, мың, алтыншы, жиналды, ірімшік, кенші, жаман, ұмыта алмады, кең, аңы, екі, бесеу.

7. Сөз таптарын өзара салыстыр.



135–136-сабақтар – бақылау диктанты



ОҚУЛЫҚТАҒЫ ҚИЫН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

А

Арқасы кеңу – бұл жерде: жайбарақаттану, рақаттану.

Ә

Әдіскер – бұл жерде: әдіс түрлерін жетік білетін палуан.

Б

Бағбан – бау-бақшаны аса білгірлікпен күтіп-баптайтын адам.

Бұлтаң – мінездің құбылуы, өзгеруі.

Былғары – киім, басқа да керек-жарақтар тігуге арналып өңделген тері.

Г

Гүрзі – зілдей ауыр; ауыр соққы, қатты соққы; шоқпардай.

Д

Дәрумен – дәрілік витамин.

Денсаулық – ауыру-сырқаудан аман болушылық.

Дөң – биіктеу жер, төбе.

Ж

Жанкүйер – жақтаушы, қолдаушы.

Жасанды серік – Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылатын ғарыштық аппарат.

Жон – ұзыннан созылып жатқан дөңес жер, жал, жота.

Жорық – саяхатқа, серуенге, сапарға шығу.

Жыңғыл – шөл, шөлейт жерлерде өсетін ал қызыл немесе ақ гүлді бұта.

Жыра – өзекше, ойпат, шұқыр.

З

Зеңгібаба – сиырдың пірі, иесі.

К

Кеңіс – ашық жер, кең алаңқай.

Көкжиек – аспан мен жердің көз жететіндей қашықтағы түйіскен жері.

Көк қылтию – шөптің жер бетіне жаңадан өсіп шығуы.

Қ

Қайла – кен қазу жұмысына пайдаланылатын ағаш сапты темір құрал.

Қамбарата – жылқының пірі, иесі.

Қамыт – аттың мойнына кигізілетін имектеліп келген ағаш жақтаулары бар арба, шана өзбелі.

Қар – қолдың қары: білектің ішкі бөлігі, бұлшық ет.

Қомдау – құстың екі қанатын ұшуға ыңғайлауы.

Құрық – жылқыны ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырақ.

О

Ойсылқара – түйенің пірі, сақтаушысы, иесі.

Ө

Өнбек – жұмыстың өнімді болуы, сәтімен бітуі.

Р

Ринг – арқанмен қоршалған ойын алаңы (шаршы алаң).

С

Сом – теңге шыққанға дейін қолданылған ақшаның аты.

**Т**

Тәж – патша мен хандардың алтынмен әшекейленген баскиімі.

Теңдес – тең, тең дәрежеде, тең мөлшерде.

Тете – араларында бала жоқ ағайындылар.

Тымақ – мал, аң терісінен тігіліп, суықта киетін баскиім.

Ұ

Ұра – жерден қазылған қамба.

Ш

Шекшеката – ешкінің пірі, иесі.

Шопаната – қойдың пірі, сақтаушысы, иесі.

Шымбұлақ – жалқы есім, географиялық атау – жер аты.

Ы

Ықтау – паналау, суықтан қорғану.



ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК

аймақ	жұмыртқа	саңырауқұлақ
бәйшешек	жырақ	сейіл
бүгілу	коньки	сүңгуір
бүгін	қаңтар	сүтқоректілер
денсаулық	қозықұйрық	тасбақа
егжей-тегжейлі	қолғанат	футболшы
еңіс	литр	хоккей
жағажай	мұзайдын	шайба
желтоқсан	мүлік	шөбере



МАЗМУНЫ

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ	4
Теледидардан спорт хабарларын тамашалаймын.	
Сөз және оның мағынасы	5
Антоним дегеніміз не?	8
Синоним дегеніміз не?	10
Омоним дегеніміз не	12
Спорт жарысына қатысамын. Сөз құрамы. Түбір мен қосымша	17
Спорт жарыстары туралы жазамын.	
Жұрнақ пен жалғау	27
Сиқырлы дәрі жасаймын.	
Жұрнақ пен жалғау	32
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	37
САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ	40
Ұлтымыздың салт-дәстүрін білгенің жөн.	
Сөз таптары	41
Зат есім	42
Жалқы есім және жалпы есім	50
Ұлттық кейіпкерлерді сипаттаймын.	
Жалқы есім және жалпы есім	54
Өлең құрастырамын.	
Зат есімнің жекеше және көпше түрі	55
Ертегі құрастырамын.	
Дара және күрделі зат есім	62
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	68



ҚОРШАҒАН ОРТА	70
Қоршаған ортаны танып білемін.	
Етістік.....	71
Ізденуді үйренемін.	
Дара және күрделі етістік	78
Нұсқаулық жазамын.	
Дара және күрделі етістік	83
Оқиға құрастыра аламын.	
Сын есім	87
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	94
 САЯХАТ	 96
Ұшу аппараттары туралы не білемін?	
Дара және күрделі сын есім	97
Саяхатқа шығамын.	
Сан есім.....	104
Хабарлама, хабарландыру жаза аламын.	
Дара және күрделі сан есім	112
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	119
Оқулықтағы қиын сөздердің түсіндірме сөздігі	121
Орфографиялық сөздік	124

Оқу басылымы

**Жұмабаева Әзия Елеуапқызы
Уайсова Гүлнар Инаматқызы
Сәдуақас Гүлбану Темірияқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

**Редакторлары *Ж. Қайранбай, А. Ноғайбаева*
Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Ұ. Бахова*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова***

ИБ № 008

Теруге 11.01.2017 берілді. Басуға 11.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₁₆.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,44. Есептік баспа табағы 5,63.
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс № 2408.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.